

ISSN 1727-060X (Print)
ISSN 2664-3162 (Online)



TÚRKOLOGIA TÜRKOLOJİ

TÚRKOLOGIA TÜRKOLOJİ 2024 1 (117)

2(118)

TÜRKISTAN-TÜRKİSTAN
2024



ISSN 1727-060X (Print)
ISSN 2664-3162 (Online)



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТИ



TÚRKOLOGIA TÜRKOLOJİ

№ 2 (118), 2024

Сәуір-мамыр-маусым / Nisan-Mayis-Haziran

Журнал КР Инвестициялар және даму министрлігі

Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы
және ақпараттық агенттігінде тіркелген.

Күелік № 55-97-Ж 18.II.2005 ж. Халықаралық рецензияланатын журнал.

Индекстер: ROOTINDEXING, Academic Resource Index ResearchBib, Directory of Research Journal Indexing, ASOS, Indeks Copernicus, MLA International Bibliography, EBSCO

Dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırımlar ve Kalkınma Bakanlığı İletişim, Enformasyon ve Bilgi Komitesi'nin süreli yayın ve haber ajansında
55-97-J 18.02.2005 numaraya kayıtlıdır. Uluslararası hakemli bir dergidir.

Tarama index: ROOTINDEXING, Academic Resource Index ResearchBib, Directory of Research Journal Indexing, ASOS, Indeks Copernicus, MLA International Bibliography, EBSCO

Шыгарылымның сарашылары:

Док., проф. Сейфуллан Йылдырым (Гази университеті – Түркия), док., проф. Огужан Дурмуш (Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті – Түркия), док., доц. Гүл Бану Думан (Зонгулдақ Булент Ежевит университеті – Түркия), док., доц. Синан Гузел (Измир Катиб Челеби университеті – Түркия), док., доц. Осман Кабадайы (Киршехир Ахи Евран университеті – Түркия), док. Арзу Кият (Қыргызстан-Түркия Манас университеті – Қыргызстан), док., доц. Ердал Адай (Думлупынار университеті – Түркия), ф.ғ.к., доц. Жанар Әбдіғапарова (Назарбаев университеті - Қазақстан), док., доц. Ерхан Солмаз (Учак университеті – Түркия), док. Әмбер Кырмызы (Невшехир Хажы Бекташ Вели университеті – Түркия),

Túrkistan/Türkistan

2024

ISSN 1727-060X (Print)
ISSN 2664-3162 (Online)



ТЮРКОЛОГИЯ TURCOLOGY

№2 (118), 2024
апрель-май-июнь / April-May-June

Журнал зарегистрирован Комитетом связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию РК свидетельство о постановке на учет
периодического печатного издания и информационного агентства
№ 5597-Ж 18. II. 2005 г. Международный рецензируемый журнал.

Индексы: ROOTINDEXING, Academic Resource Index ResearchBib, Directory of Research Journal Indexing, ASOS, Indeks Copernicus, MLA International Bibliography, EBSCO

The journal is registered in the periodical and news agency of the Information and Communication Committee of the Ministry of Investment and Development of the RK with No:5597-Zh 18.II.2005 is an international peer-reviewed journal.

Scanned indexes: ROOTINDEXING, Academic Resource Index ResearchBib, Directory of Research Journal Indexing, ASOS, Indeks Copernicus, MLA International Bibliography, EBSCO

Bu Sayının Hakemleri:

Prof. Dr. Seyfullah YILDIRIM (Gazi Üniversitesi – Türkiye), Prof. Dr. Oğuzhan DURMUŞ (Ankara Sosyal Bilimler Üniversitesi – Türkiye), Doç. Dr. Gül Banu DUMAN (Zonguldak Bülent Ecevit Üniversitesi – Türkiye), Doç. Dr. Sinan GÜZEL (İzmir Kâtip Çelebi Üniversitesi – Türkiye), Doç. Dr. Osman KABADAYI (Kırşehir Ahi Evran Üniversitesi – Türkiye), Dr. Arzu KİYAT (Kirgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi – Kirgızistan), Doç. Dr. Erdal Aday (Dumlupınar Üniversitesi – Türkiye), Doç. Dr. Zhanar ABDİGAPBAROVA (Nazabayev University – Kazakistan), Doç. Dr. Erhan SOLMAZ (Uşak Üniversitesi – Türkiye), Dr. Ömer KIRMIZI (Nevşehir Hacı Bektaş Veli Üniversitesi – Türkiye).

Түркестан/Turkestan

2024

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БАС РЕДАКТОР
доктор, профессор Бұлент Баірам

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
PhD доктор Мадина Молдашева

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Жұпар Танауова

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

- | | |
|-------------------|--|
| Ыбраев Шакимашрип | – ф.ғ.д., проф. (Ахмет Ясави университеті, Қазақстан) |
| Демир Нуреттин | – док., проф. (Хажеттепе университеті, Анкара) |
| Экижи Метин | – док., проф. (Әге университеті, Түркия) |
| Райхл Карл | – док., проф. (Бонн университеті, Германия) |
| Қоңыратбаев | – ф.ғ.д., проф. (Халықаралық туризм және меймандастық университеті, Қазақстан) |
| Тынысбек | – ф.ғ.д., проф. (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Үлттық университеті, Қазақстан) |
| Құрманбайұлы | – т.ғ.д., проф. (Ахмет Ясави атындағы Қазақ Үлттық университеті, Қазақстан) |
| Шерубай | |
| Тұрсын Хазіретәлі | |

Челик Юксел
Садыков Ташполот
Егоров Николай
Ағжы Феррух
Гүл Булент
Елеуов Мадияр

Кенжетаев Досай
Габибейли Иса
Алдаш Айманкул
Рахманов Насимхон
Йылдырым Құршат
Кынажы Баран Жемиле
Әбжет Бақыт
Әүесбаева Пакизат
Қошанова Нагима
Мараш Ласло
Журакузие Нодирбек

- | |
|---|
| – док., проф. (Мармарса университеті, Түркия) |
| – ф.ғ.д., проф. (Бишкек гуманитарлық университеті, Кыргызстан) |
| – ф.ғ.д., проф. (Тіл білімі институты, Ресей Федерациясы) |
| – док., проф. (Эскишехир Османгази университеті, Түркия) |
| – док., проф. (Эскишехир Османгази университеті, Түркия) |
| – т.ғ.д., проф. (Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттық университеті, Қазақстан) |
| – филос.ғ.д., проф. (Ахмет Ясави университеті, Қазақстан) |
| – док., проф. (Әзәрбайжан Үлттық ғылым академиясы, Әзәрбайжан) |
| – ф.ғ.д., проф. (А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан) |
| – ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан Үлттық университеті, Өзбекстан) |
| – док., проф. (Стамбул университеті, Түркия) |
| – док., доц. (Анкара Қажы Баірам Вели университеті, Түркия) |
| – ф.ғ.к., доц. (Ахмет Ясави университеті, Қазақстан) |
| – ф.ғ.к., доц. (М.Әуезов атындағы Әдебиет және онер институты, Қазақстан) |
| – ф.ғ.к., доц. (Ахмет Ясави университеті, Қазақстан) |
| – PhD (Амстердам университеті, Нидерланд) |
| – PhD (Ә.Науан атындағы өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Өзбекстан) |

SAHİBİ
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

EDİTÖR

Prof. Dr. Bülent Bayram

EDİTÖR YARDIMCISI

Dr. Madina Moldasheva

SEKRETER

Jupar Tanauova

YAYIN KURULU

- | | |
|-----------------------|---|
| İbrayev Shakimashrip | – Prof. Dr. (Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan) |
| Demir Nurettin | – Prof. Dr. (Hacettepe Üniversitesi, Türkiye) |
| Ekici Metin | – Prof. Dr. (Ege Üniversitesi, Türkiye) |
| Reichl Karl | – Prof. Dr. (Bonn Üniversitesi, Almanya) |
| Konyratbayev Tynysbek | – Prof. Dr. (Uluslararası Turizm ve Otelcilik Üniversitesi, Kazakistan) |
| Kurmanbayuli Şerubai | – Prof. Dr. (L.N. Gumilev Avrasya Ulusal Üniversitesi, Kazakistan) |
| Tursun Haziretali | – Prof. Dr. (Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan) |

DANIŞMA KURULU

- | | |
|----------------------|---|
| Çelik Yüksel | – Prof. Dr. (Marmara Üniversitesi, Türkiye) |
| Sadykov Taşpolot | – Prof. Dr. (Bishkek Humanitarian University, Kırgızistan) |
| Yegorov Nikolay | – Prof. Dr. (Dilbilim Enstitüsü, Rusya Federasyonu) |
| Ağca Ferruh | – Prof. Dr. (Eskişehir Osmangazi Üniversitesi, Türkiye) |
| Gül Bülent | – Prof. Dr. (Eskişehir Osmangazi Üniversitesi, Türkiye) |
| Eleuov Madiyar | – Prof. Dr. (Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Kazakistan) |
| Kenzhetayev Dossay | – Prof. Dr. (Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan) |
| Gabibeyli İsa | – Prof. Dr. (Azerbaycan Ulusal Bilimler Akademisi, Azerbaycan) |
| Aldaş Aymankul | – Prof. Dr. (A. Baitursynov Dilbilim Enstitüsü, Kazakistan) |
| Rakhmanov Nasimhon | – Prof. Dr. (Özbekistan Ulusal Üniversitesi, Özbekistan) |
| Yıldırım Kürşat | – Prof. Dr. (İstanbul Üniversitesi, Türkiye) |
| Kınacı Baran Jemile | – Doç. Dr. (Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi, Türkiye) |
| Abjet Bakıt | – Doç. Dr. (Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan) |
| Auesbayeva Pakizat | – Doç. Dr. (M. Auezov Edebiyat ve Sanat Enstitüsü, Kazakistan) |
| Koşanova Nagima | – Doç. Dr. (Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan) |
| Maraş Laszlo | – Dr. (Amsterdam Üniversitesi, Hollanda) |
| Zhurakuziev Nodirbek | – Dr. (A. Navai Özbek Dili ve Edebiyatı Üniversitesi, Özbekistan) |

OWNER
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

EDITOR-IN-CHIEF

Prof. Dr. Bülent Bayram

ASSOCIATE EDITOR

Dr. Madina Moldasheva

EXECUTIVE SECRETARY

Zhupar Tanauova

EDITORIAL BOARD

- | | |
|----------------------|---|
| Ibrayev Shakimashrip | – Prof. Dr. (Akhmet Yassawi University, Kazakhstan) |
| Demir Nurettin | – Prof. Dr. (Hacettepe University, Turkey) |
| Ekizhi Metin | – Prof. Dr. (Ege University, Turkey) |
| Reichl Carl | – Prof. Dr. (Bonn University, Germany) |
| Konyratbaev Tynysbek | – Prof. Dr. (International University of Tourism and Hospitality, Kazakhstan) |
| Kurmanbayuly | – Prof. Dr. (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan) |
| Sherubai | – Prof. Dr. (Akhmet Yassawi University, Kazakhstan) |
| Tursun Khazretali | – Prof. Dr. (Akhmet Yassawi University, Kazakhstan) |

ADVISORY BOARD

- | | |
|--------------------|--|
| Çelik Yüksel | – Prof. Dr. (Marmara University, Turkey) |
| Sadykov Tashpolot | – Prof. Dr. (Bishkek Humanitarian University, Kyrgyzstan) |
| Egorov Nikolay | – Prof. Dr. (Institute of Linguistics, Russian Federation) |
| Agzha Ferrukh | – Prof. Dr. (Eskişehir Osmangazi University, Turkey) |
| Gul Bulent | – Prof. Dr. (Eskişehir Osmangazi University, Turkey) |
| Eleuov Madiyar | – Prof. Dr. (Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan) |
| Кенжетаев Досай | – Prof. Dr. (Akhmet Yassawi University, Kazakhstan) |
| Гайбейли Иса | – Prof. Dr. (Azerbaijan National Academy of Sciences, Azerbaijan) |
| Aldash Aimankul | – Prof. Dr. (A. Baitursynov Institute of Linguistics, Kazakhstan) |
| Rakhmanov | – Prof. Dr. (National University of Uzbekistan, Uzbekistan) |
| Nasimkhon | |
| Yildirim Kurshat | – Prof. Dr. (Istanbul University, Turkey) |
| Kinazhi Baran | – Doç. Dr. (University Ankara Hadji Bayram Veli, Turkey) |
| Zhemile | |
| Abzhet Bakyt | – Doç. Dr. (Akhmet Yassawi University, Kazakhstan) |
| Auesbayeva Pakizat | – Doç. Dr. (M. Auezov Institute of Literature and Art, Kazakhstan) |
| Koshanova Nagima | – Doç. Dr. (Akhmet Yassawi University, Kazakhstan) |
| Marash Laszlo | – PhD (Amsterdam University, Netherlands) |
| Zhurakuziev | – PhD (A.Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Uzbekistan) |
| Nodirbek | |

УЧРЕДИТЕЛЬ

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

доктор, профессор Булент Байрам

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

доктор PhD Мадина Молдашева

ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ

Жупар Танауова

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

- | | |
|-------------------|---|
| Ибраев Шакимашрип | — д.ф.н., проф. (Университет Ахмеда Ясави, Казахстан) |
| Демир Нуреттин | — док., проф. (Университет Хажеттепе, Турция) |
| Экижи Метин | — док., проф. (Университет Эге, Турция) |
| Райхл Карл | — док., проф. (Университет Бонн, Германия) |
| Коныратбаев | — д.ф.н., проф. (Международный университет туризма и гостеприимства, Казахстан) |
| Тынысбек | — д.ф.н., проф. (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан) |
| Курманбайулы | — д.и.н., проф. (Университет Ахмеда Ясави, Казахстан) |
| Шерубай | |
| Турсун Хазретали | |

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА

- | | |
|---------------------|--|
| Челик Юксел | — док., проф. (Университет Мармарис, Турция) |
| Садыков Тащполот | — д.ф.н., проф. (Бишкекский гуманитарный университет, Кыргызстан) |
| Егоров Николай | — д.ф.н., проф. (Институт языкоznания, Российской Федерации) |
| Агжа Феррух | — док., проф. (Эскишехирский университет Османгази, Турция) |
| Гюл Бюлент | — док., проф. (Эскишехирский университет Османгази, Турция) |
| Елеуов Мадияр | — д.и.н., проф. (Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Казахстан) |
| Кенжетаев Досай | — д.филос.н., проф. (Университет Ахмеда Ясави, Казахстан) |
| Габибейли Иса | — док., проф. (Азербайджанская Национальная Академия Наук, Азербайджан) |
| Алдаш Айманкуль | — д.ф.н., проф. (Институт языкоznания им. А.Байтурсынова, Казахстан) |
| Рахманов Насимхон | — д.ф.н., проф. (Национальный университет Узбекистана, Узбекистан) |
| Йылдырым Кюршат | — док., проф. (Стамбульский университет, Турция) |
| Кынажы Баран Жемиле | — док., доц. (Университет Анкары Хаджи Байрам Вели, Турция) |
| Абжет Бакыт | — к.ф.н., доц. (Университет Ахмеда Ясави, Казахстан) |
| Ауесбаева Пакизат | — к.ф.н., доц. (Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова, Казахстан) |
| Кошанова Нагима | — к.ф.н., доц. (Университет Ахмеда Ясави, Казахстан) |
| Мараш Ласло | — PhD (Амстердамский университет, Нидерланды) |
| Журакузиев Нодирбек | — PhD (Университет узбекского языка и литературы им. А.Наваи, Узбекистан) |

МАЗМУНЫ * CONTENTS * İÇİNDEKİLER * СОДЕРЖАНИЕ

*ТЫНЫСБЕК ҚОНЫРАТБАЙ * TYNYSBEK KONGRATBAY*

Б. Г. Ерзакович – казақ музыка мәдениетін зерттеуші (фольклорлық-этнографиялық шығармашылығы)

B. G. Erzakovich - Researcher of Kazakh Musical Culture (Folklore and Ethnographic Creativity)

1-17

B. G. Erzakovich - Kazak Müzik Kültürü Araştırmacısı (Folklor ve Etnografik Yaratıcılığı)

Б. Г. Ерзакович - исследователь казахской музыкальной культуры (фольклорно-этнографическое творчество)

*FAZIL ÖZDAMAR * ФАЗЫЛ ӨЗДАМАР*

Âşık Maksut Feryadi'nin Nasihat Konulu Şiirlerinde Değerler Eğitimi

The Values Education in the Advice-themed Poems of Ashik Maksut Feryadi

Ашық Максұт Фериадидің насиҳат тақырыбында жазылған олеңдеріндегі
құндылықтар тәрбиесі)

19-57

Воспитание ценностей в стихах ашика Максута Фериади на тему советов

*БАҚЫТ ӘБЖЕТ*BAKYT ABZHET*

«Кобыланды батыр» жырындағы даүір белестері

Milestones of the Era in the Epic “Koblandy Batyr”

Kobilandi Batır Destanındaki Tarihi Süreçlerin İncelenmesi

59-73

Вехи эпохи в эпосе «Кобланды батыр»

*BAHAR ERIŞ KARAOĞLAN*БАХАР ЕРИШ КАРАОГЛАН*

**Spiridon Mihayloviç Mihaylov'un Derlediği Bilmeceler ve 19. Yüzyılın Ortalarında
Tarihî Viryal Ağrı**

The Riddles Collected by Spiridon Mihaylovic Mihaylov and the Historical Viryal Dialect in
the Middle of the 19th Century

Спиридон Михайлович Михайлов жинаған жұмбақтар және XIX ғасыр ортасындағы
тариҳи виръял диалектісі

75-114

Загадки, собранные Спирионом Михайловичем Михайловым, и исторический
виръяльский диалект середины XIX века

*БАҒДАТ ЕРТАЕВА*BAĞDAT ERTAYEVA*

Түркі халықтарындағы бесік жырының тәрbiелік маңызы

Educational Significance of Lullaby in Turkic Peoples

Türk Halklarında Ninnilerin Eğitimsel Değeri

115-132

Воспитательное значение колыбельных песен у тюркских народов

Редактордан**Құрметті оқырмандар!**

Сіздерге Түркология журналының 2024 жылғы №2 (118) санын ұсынып отырмыз. Журналдың бұл санында отандық және түркиялық ғалымдардың бес мақаласы жарияланды. Түркиядағы ең танымал ашықтардың бірі М. Фериадидің өмірі мен шығармашылығы, түрік әдебиетіндегі ашық жанрының маңызы мен фольклордағы орны, дәстүр жалғастығын, қазақ халқының музика мәдениетін зерттеуші Б. Ерзаковичтің еңбектерін саралаған мақалалар, «Қобыланды батыр» эпосында орын алған осы көне сюжеттер мен тарихи оқиғаларды орыс деректерінде сақталған тарихи жазбалармен салыстыра отырып зерттеуге арналған, түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіндегі бесік жырының тәрбиелік маңызын саралаған, халық мәдениетінің тікелей көрінісі болып табылатын жұмбақтарды талдау арқылы чuvаш тілінің тарихи зерттеулеріне өзіндік үлес қосқан мақалалар жарияланды. Қазақ және түрік фольклортану ғылыминың түрлі жанрларын қамтитын бұл мақалалар өзге зерттеуші-ғалымдардың назарын аударады деген ойдамыз.

Мақсатымыз - отандық және шетелдік ғалымдардың түркологиялық бағыттағы зерттеулерін «Түркология» журналы арқылы ғылыми айналымға енгізуге үлес қосу және осы бағыттағы ізденістерінің танымалдылығын қалыптастыру.

Журналдың бұл шығарылымына үлес қосқан макала авторларына, сарапшы, аудармашы және дизайнер – барлық әріптестерімізге алғыс айтамыз.

Бас редактор
док., проф. Бұлент БАЙРАМ

Editörden

Değerli okuyucular!

Türkoloji Dergisi'nin 2024 yılı 2 (118) sayısını sizlere sunuyoruz. Derginin bu sayısında Kazakistan ve Türkiye'den beş bilim insanının makalesi yayımlanmıştır. Bunlardan biri Türkiye'nin en tanınan âşıklarından M. Feryadî'nın hayatı ve eserleri, Türk edebiyatında âşık edebiyatının önemi ve folklordeki yeri, geleneğin devamlılığı üzerinedir. Diğerleri ise Kazak halkın müzik kültürünü araştıran B. Erzakoviç'in eserlerini ele alan makale, "Koblandı Batır" destanında meydana gelen bu eski olay örgülerini ve tarihi olayları Rus kayıtlarında korunan tarihî kayıtlarla karşılaştırarak ele alan makale, Türk boyalarının eğitimsel önemini ortaya koyan makale ve Çuvaş dilinin halk kültürünün doğrudan yansımalarını bilmeceleri elen alan makale ile araştırmacılar bu sayının hazırlanmasına katkı sağlamışlardır. Kazakistan ve Türkiye'den bilim insanların kaleme aldığı bu makalelerin diğer araştırmacı ve bilim adamlarının da ilgisini çekeceğine inanıyoruz.

Amacımız "Türkoloji" dergisi aracılığıyla bilim adamlarının Türkoloji alanındaki araştırmalarının bilimsel dünyasına ulaştırmaya katkıda bulunmak ve bu doğrultuda araştırmalarının tanınırlığı için akademik ortam yaratmaktır.

Derginin bu sayısına katkıda bulunan tüm makale yazarlarına, hakemlere, uzmanlara, çevirmenlere ve tasarımcılara teşekkür ederiz.

Prof. Dr. Bülent BAYRAM

Editör

Тынысбек ҚОНЫРАТБАЙ

филология ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(tynysbek55@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0003-3012-5966>

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТИН ЗЕРТТЕУШІ

(фольклорлық-этнографиялық шығармашылығы)^{1*}

Андратпа. Қазақстандағы кәсіби музыка өнерінің туу, қалыптасу және даму жолдарын сөз еткенде Қазақ КСР-нің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Б. Г. Ерзаковичтің есімі ерекше еске оралады. Ол XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап қазақ музыка өнеріне белсене араласып, фольклорлық мұраларды жинаушы, зерттеуші және композиторлық шығармашылықпен айналысқан алғашқы кәсіби мамандардың бірі. Халық әндерінің көркемдік жүйесі мен жанрлық ерекшеліктерін зерттеп, стиліне терендеген музыкатанушы. Оның қаламынан туган іргелі зерттеулері қазақ музыкатану ғылымының есү жолдарын аңғартады. Сонымен бірге Б. Г. Ерзакович ірілі-ұсакты жанрларда музыкалық шығармалар жазып, композиторлық қырынан да таныла білген талант иесі. Мақалада оның қазақ музыка өнеріне сіңірген еңбегі бірнеше салаларға жіктеліп қарастырылды. Алғашкысы – композиторлығы. Әмірінің әр жылдарында композитор ретінде бірқатар ірілі-ұсакты шығармалар жазып, әндер жинағын шығарды. Солай да болса Б. Ерзаковичтің жинаушылық, халық әндерін нотаға түсіру бағытындағы ізденістері елеулі болғандықтан бұл мәселелер де қамтылды. Макаланың өзегін Б. Ерзаковичтің қазақ музыкатану ғылымына қосқан еңбектері құрады. Оған ғалымның «Песенная культура казахского народа», «Музыкальное наследие казахского народа», «У истоков казахского музыкоznания» атты монографиялық зерттеулері, музыкалық-этнографиялық бағыттағы басқа да ізденістері арқау болды.

Кілт сөздер: мәдениет, фольклор, этнография, өнер, ән, музыка

¹Макала AP19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану» жобасы аясында орындалды.

* Келген күні: 28 ақпан 2024 ж. – Қабылданған күні: 6 маусым 2024 ж.

Date of Arrival: 28 February 2024 – Date of Acceptance: 6 June 2024

Geliş Tarihi: 28 Şubat 2024 – Kabul Tarihi: 6 Haziran 2024

Поступило в редакцию: 28 февраля 2024 г. – Принято в номер: 6 июня 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1444195



Content of this journal is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International License

Tynysbek KONGYRATBAY

Doctor of Philology, Professor of Philology and Art History, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

(tynysbek55@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0003-3012-5966>

B. G. ERZAKOVICH - RESEARCHER OF KAZAKH MUSICAL CULTURE

(Folklore and Ethnographic Creativity)

Abstract. When describing the history of the birth, formation and development of the art of music in Kazakhstan, the name of the Honored Art Worker of the Kazakh SSR, Doctor of Art History, Professor B. G. Erzakovich is involuntarily recalled. He is one of the first professionals who have been actively involved in Kazakh music since the 30s of the 20th century, a collector of folklore heritage, a researcher and composer. He is a prominent musicologist who has deeply studied the artistic system and genre features of folk song. His fundamental research reflects the growth paths of Kazakh musicological science. At the same time, B. G. Erzakovich is a talented composer who writes musical works in various genres. The article examines his research in various aspects and directions. The first direction is composer's creativity. Over the years, as a composer, he wrote a number of large and small works, published a collection of songs. Nevertheless, B. Erzakovich conducted significant research in the direction of collecting and recording folk songs. The core of the article was the works of B. Erzakovich in the field of Kazakh musicology. It was based on monographic studies of the scientist "Song Culture of the Kazakh People" "Musical Heritage of the Kazakh People", "On the Origins of Kazakh Musicology" and other musical and ethnographic research.

Keywords: Culture, Folklore, Ethnography, Art, Song, Music

Kіріспе

Борис Гиршевич Ерзакович (1908-1994) Ақмолада 1908 ж. 30 мамырда (12 маусым) дүниеге келген. Зерттеудің мақсаты – XX гасырдағы ғұмыр кешкен көрнекті музика зерттеушісінің қазақ музыкатану ғылымына қосқан үлесін саралап, шығармашылығын жан-жақты зерттеп, ғылым тарихына қосу.

Мақаланың міндеттері қатарында ұзак та жемісті шығармашылық қызметі назарға алынды. Бұл реттен 1931-1938 жылдары Алматыдағы Қазақ радиосының музикалық редакторы, 1938-1943 жж. Қазақ КСР-нің өнер саласы бойынша Басқарма бастығы, 1945 жылдан аға ғылыми қызметкері, 1949 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын музика тарихы мен теориясы мамандығы бойынша аяқта, республикамыздың

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

мәдени-музыкалық өміріне араласуы. Сол сияқты ғылымға бет бұрып, 1966 жылы «Қазақ халқының ән мәдениеті» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1967 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланғаны, 1950-1961 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының сектор менгерушісі, 1961-1968 жылдары театр және көркемсурет бөлімдеріне басшылық жасағаны, 1969 жылдан музыка бөлімінің жетекшісі болғаны ескерілді.

Б.Г.Ерзакович біршама уақыт педагогтік қызметпен де шұғылданған. 1950-1952 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында дәріс беріп, полифония және аранжировка курсарын жүргізген. 1961 жылдан бастап осы оку орнының фольклор кабинетінде кеңесші және қазақ музыкасының тарихы пәні бойынша дәріс жүргізген

Б.Ерзакович – композитор. Оның композиторлық шығармашылығы қазақтың кәсіби музыка өнерінің қалыптасу кезеңінде басталған. Оттызыншы жылдары жазған «Увертюра» (1935) атты ірі музыкалық шығармасы қазақ әндерінің тақырыбына құрылған еді. Ол сонаталық формада симфониялық оркестрге арналып жазылған бір бөлімді шығарма болатын. Сол себепті ұлттық музыка тарихында Д. Маңуциннің «Сюита» (1935), М. Штейнбергтің «Түрксіб» (1933), С. Василенконың «Советтік шығыс» (1932) атты шығармаларымен қатар аталады.

Ұлы Отан соғысы жылдары композитор ерлікпен қаза тапқан батырға арнап «Төлеген Тоқтаров» (1944) атты симфониялық поэмасын ұсынды. Артынша фортепиано аспабына арнап бірнеше күрделі шығармалар жазды. Солардың қатарында Мәншүк Мәметованы еске алу (1947), «Япур-ай» әнінің тақырыбына құрылған вариацияларды атауга болады. Ішекті аспаптарға арнап екі квартет (1937, 1948), қазақ әндерінің тақырыбына арнап жиырма фортепианолық пьесалар жазған. Композитор халық әндерінің табигатын зерделей жүріп, бірқатар әндер жазды. Олар ертеректе «Ақ қайың» (1966) деген атпен жарық көрген болатын. Халық әндерінің ізімен ән, романс, хорлар жазды. Қоپтеген халық әндерін фортепиано мен дауысқа арнап өндеген. Драмалық спектальдерге арнап музыка жазған. Осының бәрі оның қазақтың кәсіби музыка өнерін дамытуға өз үлесін қосқан композитор ретінде тануға негіз бола алады.

Б. Ерзакович – музыка жинаушысы. XX ғасырдың 30-жылдардан бастап қазақтың халық музыкасын жинау және зерттеу ісімен

шүғылдана бастаған Б. Г. Ерзакович Музыка техникумында жұмыс атқара жүріп, халық таланттарының орындауында көптеген ән-күйлерді нота жазуына түсірген. Бүгінде олардың саны екі мыңнан асып жығылады. 1955 жылы жинаушының «Қазақстанның халық әндері» атты музыкалық-этнографиялық жинағы жарық көрген. Сол тұста Кенен Әзірбаев әндерінің көркемдік ерекшеліктеріне назар аударып, 1955 жылы жеке жинақ етіп бастырады. Мұның өзі Кенен шығармаларын насиҳаттауға, зерттеуге жол салғаны анық. Музыка этнографы кеңес дәуіріндегі қазақ әндеріне де көніл қойып, оларды жинақтап, нота жазуына түсіріп, 1959 жылы жарыққа шығарған. Одан бергі жерде А. В. Затаевичтің «Қазақ халқының «1000 ән», күйі» музыкалық-этнографиялық жинағының екінші басылымын дайындалған, алғы сөзін жазып 1963 жылы Москвадағы мемлекеттік музыкалық баспадан жарыққа шығарған. Б. Ерзаковичтің бастамасы бойынша Әдебиет және өнер институтының мамандары «Қазақтың 500 ән, күйі» музыкалық-этнографиялық жинағының толықтырылған академиялық басылымында 2007 жылы жарыққа шығарды. Ұзақ жылдарға созылған бұл жұмыстардың қазақ музыкатану ғылымы үшін маңызы орасан зор болды. Б. Ерзакович кейін ел арасынан шыққан әнші-композиторлардың әндеріне қайта оралып, әр жылдары Біржан, Мұхит, Жаяу Мұса, Абая әндерін нотага қайта түсіріп, көпшілікке ұсынып отырған. Осындай іргелі ізденістері зерттеушінің «Қазақ халқының ән мәдениеті» (1966), «Қазақ халқының музыкалық мұрасы» (1979), «Қазақ музыкатану ғылымының бастауында» (1987) атты еңбектерінен көрініс берді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеуге Б. Ерзакович нота жазуына түсіріп, жариялаған музыкалық-этнографиялық жинақтар арқау болды. Олармен таныса отырып, халық әндеріне байланысты бірқатар ерекшеліктерді аңгаруға болады. Мысалы, жогарыда аталған ән жинақтарының барлығында дерлік Б. Ерзакович «Қараторғай» әнінің иесін халық деп біледі. Алпысыншы жылдардан бергі жерде Қазақ радиосы бұл әнді Ақан серінің шығармасы деп насиҳаттай бастаса да, ғалым өз пікірінде қалып, оны халық әндерінің қатарында сөз еткен. А. В. Затаевич өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында «Қараторғай» әнінің 9 үлгісін жариялаған болса, Б. Ерзакович «Қараторғай» әнінің үш түрлі үлгісін жазып алған. Алғашқысы Иса Байзаковтың орындауындағы көпке танымал «Қараторғай» әні (Ерзакович, 1994, 52-б.]. Бұл ән Ақан сері әндерінің 1959 жылғы жинағына Жұсіпбек Елебековтен жазылып

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕННИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

алынған деп берілген. Кейін Ақан серінің «Маңмаңгер» атты әндер жинағына (Ақан сері, 1998, 96-б.) енген.

Әннің екінші үлгісі де 1959 жылғы жинақта жарияланған. Орындаушысы – Игібай Әлібаев. Әннің кейбір интонациялары Т.Ибрағимова орындаған «Қараторғай» әніне келсе де, айырмашылығы да елеулі (Ерзакович, 1994, 91-б.). Бұл ән қазақтың «Алқызылтас» әніне өте жақын.

Ж. Омаровының орындаудағы «Қараторғай» әніне келер болсақ, кейінгі жылдары ол «Сырдың қараторғайы» аталып келеді. Кейбіреулер шыгарушысын да атап жүр, бірақ ол бұлтартпас дәлелдерді қажет етеді. Музыкатанушы ғалым «Қараторғай» - халық әні деген үстаннымынан 1994 жылы жарық көрген «Ғашықтық әндер» атты музыкалық-этнографиялық жинағында да бас тартпай, өмірінің соңғы жылдары тағы бір куаттаған екен.

Музыкалық-жинаушылық қызмет барысында Б. Ерзаковичтің келесі бір атап айтارлық еңбегі – қылқобызыға арналған Ықылас қүйлерін таспаға жазып алуы болды. Сонау 50-жылдары жазылып алынған қүйлер кейін «Қазақ халқының аспаптық музыкасы» (1964) деген атаумен жарық көрген еді.

Тәжірибелі ғалым музыкалық-этнографиялық қызметін жоғары оқу орнында дәріс беру ісімен де үштастырып отырған. XX ғасырдың 80-жылдарына дейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының музика тарихы мен теориясы факультетінде «Халықтың музыкалық шығармашылығы» пәнінен дәріс беріп, өзінің жинаушылық, зерттеушілік тәжірибесін жас мамандарға үйретіп кетті. Ол кісінің тартымды лекцияларын тындаған студенттер тізімінде осы жолдар иесі де болатын.

Б. Ерзаковичтің музика зерттеушісі ретінде атқарған еңбегі аса елеулі. Фольклорлық-этнографиялық қызметінен бөлек зерттеуші қазақ музыкасының табиғатын зерттеу ісімен ерте айналысты. Сонау 40-жылдардың өзінде «Музыкальная культура союзных республик» деген сериямен шыққан басылымдардың «Советтік Қазақстан музыкасы» деген тармағын жазып (1942), кейін толықтырып жариялады (Ерзаковия, 1954). Одан бергі жерде жарық көрген «Казахское народное песенное творчество дооктябрьского периода» (1954), «Народные песни Казахстана (1955), «Музыкальное воплощение казахского эпоса» (1959), Кенен Азербаев (1961), «Музыкальное искусство Казахстана. Краткий очерк» (1962), «Қазақ және орыс музыкасының шығармашылық байланысы» (1962), «Песенная культура

казахского народа», «Музыкальное наследие казахского народа», «У истоков казахского музыкоznания» атты іргелі еңбектері қазақ музыкатану ғылымиңдағы жаңа құбылыс болды.

А. Жұбанов көбіне XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі халық композиторларының өмірі мен шығармашылығын зерттеген болса, Б. Ерзакович қазақ әндерінің жанрлық, стильдік, ыргақтық, интонациялық және көркемдік ерекшеліктерін зерделеді. Бұл күрделі мәселелерді «Песенная культура казахского народа» атты монографиясына арқау етті.

Мақаланы жазу барысында түрлі ғылыми зерттеу тәсілдері қолданылды. Мысалы, халық әндерін жинақтау мәселелеріне арналған ізденістері түсында талдау жасалып, зерттеушінің пікірлері жинақталды. Қазақ мелосына қатысты ізденістеріе тоқталған кезде жүйелеу, одан әрі корыту тәсілдері қолданылды. XIX ғасыр мен XX ғасырдағы қазақ музыка тарихының даму белестері, қазақ-орыс музыкасының байланысына қатысты тарауларда тарихи-типологиялық тәсілдерге орын берілді.

Нәтижелер

Қазақ әндерінің мелосын зерттеу музыкатанудың күрделі мәселесі болып табылады. Поэзиядағы буын, бунақ, өлшем, түрлі тенеулер секілді халық музыкасының да толып жатқан көркемдік құралдары болады. Бұл тақырыпқа алғаш И. Дубовский қалам тартқан болса, кейін Б. Ерзакович көлемді зерттеу жазып, өзінің жүйелі ойларын ортага салды. Сондай ізденістерінің соңғысы – «Қазақ халқының ғашықтық әндері» жинағына енген көлемді мақаласы. Бұл жинаққа автордың 1931-1937 жылдары Алматыда жазып алған әндері жинақталып, сол әуендердің стильдік ерекшеліктері сараланған.

Зерттеушінің назарын аударған мәселелердің бірі – әндердің домбыралық сүйемелдеуі. Көптеген әндер домбыраның сүйемелдеуімен орындалса да, олардың көркемдігі мен күрделігі орындаушының музыкалық аспапты менгеру деңгейіне байланысты екенин көрсетеді. Осы негізде оның импровизациялық сипатын басты орынға шығарып, мынадай ерекшеліктерін жинақтайды:

1. Әр түрлі орындаушылар айтқанда бір лирикалық әннің музыкалық әуені өзгермесе де, домбырамен сүйемелдеуі үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕННИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

2. Речитативтік әуенге құрылған термелердің домбыралық сүйемелдеуі әннің әуеніне қараганда өзгешелеу, бірақ негізгі әуенде қайталайтын ұлгілері де бар.

3. Жыр ұлгілерінде оның музикалық мақамы мен домбыралық сүйемелдеуі бір-бірінен дараланып жатады. Әуені речитативтік болса, домбыра сүйемелі белгілі бір ырғакқа құрылған интонациялық құрылым түзейді.

Осылайша қазақ музикасын жинаушылар мен зерттеушілер жете мән бермеген, әнші мен жырши, термешілердің домбыралық сүйемелдеуінің ара-жігін ашып берген. Мысалы, Б. Ерзакович әндердің домбыралық сүйемелдеулері орындаушының көңіл-күйіне, тыңдаушылар аудиториясына байланысты екенін де ескертеді. Егер халық көп болып, әнші өзінің бабында болса, ол әнді шырқата салып, домбыра сүйемелдеуін де күрделендіре туспек.

«О стиле мелодии казахских народных любовных песен» деген мақаласында Б. Ерзакович халық әндерінің басталу кезеңіне тән интонацияларды саралаған (1994). Жинақтың атауына қараганда Б. Ерзакович әндердің барлығын халықтың ортақ мұрасы ретінде ұсынған. Одан әргі музикалық талдаулары да фольклор ұлгілеріне жасалған.

Өзінің ертеректе жазылған «Песенная культура казахского народа» атты күрделі еңбегінде Б. Ерзакович қазақ әндерінің мелосына байланысты біршама ойлар сабактаған болатын. Соның ішінде музикалық әуенниң басталуына тән оралымдар да болды. Мына мақала тұсында автор сол пікірлерін одан әрі күрделендіріп, белгілі бір халық ладтарына құрылған ғашықтық әндерге тән музикалық бастауларды анықтаған. Зерттеушінің пікірінше халық әндерінің музикалық әуені ладтың әр түрлі басқыштарынан бастала береді. Оларды I, II, III, IV, V, VI, VII басқыштар деп көрсетіп, солардың әрбіріне лирикалық әндерден нақты мысалдар келтірген.

Б. Ерзаковичтің назарын аударған мәселелердің бірі – каданстық құрылымдар. Автор бұрынғы еңбектерінде айтылған мәселелерді қайталамай, әндердің аяқталу кезеңіне тән музикалық оралымдарды сипаттаған. Оларды зерттеуші былайша топтастырады:

1. Төмен қарай бағышталған кварта, квинта және секста аралығын құрайтын трихордтық аяқтамалар.

2. Төменгі тұраққа қарай баяу бағытталған музикалық-интонациялық құрылым.

3. Каданстагы тональдік секвенциялар.

4. Каданстагы жинақтаушы қайталау.

Мұның бәрі тәжірибелі зерттеушінің назарына ілікken танымдық мәселелер. Олармен таныса отырып Б. Ерзаковичтің қазақ мелосына байланысты кейінгі пікірлерін де аңғарамыз.

Бір ерекшелігі, зерттеуші лирикалық әндерді фольклорлық немесе авторлық деп жіктемеген. «Шемші Қамар», «Ақбақай», «Дайдида», «Қараторғай» сияқты әндерді араластырып, қатар берген. Оларды лирикалық сипатына қарай тақырыптық негізде топтастырып, жанрлық, стильдік айырмашылықтарына тереңдей қоймаған.

Бұл бағыттағы музикалық-теориялық ізденистерін Б. Г. Ерзакович «Песенная культура казахского народа» атты еңбегінен бастаған. Осы монографиясында ғалым халық қазақтың әндерін төрт бөлімге бөліп қарастырады. Олар:

- а) қазақтың қазан төңкерісіне дейінгі ән өнері;
- ә) кеңес дәүіріндегі әншілік өнері;
- б) қазақ әндерінің ұлттық ерекшеліктері;
- в) қазақ-орыс музикасының байланысы.

Мұның алғашқы тарауы тұрмыстық-отбасылық, салт, еңбек, лирикалық,

әлеуметтік, тарихи және аңыз-жырлардың музикалық орындалуы туралы тарауларға жіктелген. Одан әрі әрбір музикалық жанрдың мазмұндық ерекшеліктеріне талдау жасап, жанрлық белгілерін саралайды. Балаларға арналған әндерді шілдехана, тұсау кесер, ойын әндері, жастар әндері деп жіктел, олардың «Малды суға шақыру», «Соқыр теке», «Айғөлек» сияқты ұлгілеріне терең талдау берген.

Отбасылық дәстүрге қатысты әндерді тойбастар, жар-жар, сынсу, беташар, жоқтау деп жіктел, олардың нақты мысалдарына тоқталған.

Еңбек әндері зерттеудің ерекше бір саласын құрайды. Олардың саны көп болмаса да, «Бала уату», «Алтын так», «Бозторғай» сияқты бірқатар ұлгілерінің жанрлық сипатын мазмұндаған.

Еңбектің лирикалық әндерге арналған тарауы өте қомақты. Оны Қ. Жандарбеков орындаған «Қызыл бидай» әнінен бастап, әннің ААВСД болып келетін құрылымын, орындалу ерекшеліктерін тілге тиек еткен. Халық композиторы Естайдың «Корлан» атты әні де осы қатарда

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МҰЗЫКА МӘДЕННИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

аталып, талданған. Бұл әнді алғаш А. В. Затаевич жазып алған еді. Зерттеуші «Қызыл бидай» мен «Қорлан» жай ғана ән емес, ариозо, вокалдық поэмага жуық шығарма деген. Қазақ даласына кең тараған «Ақбөп», «Маңмаңгер», «Гакку» әндерінің көркемдік әлемі мен құрылымы да зерттеуші назарынан тыс қалмаган.

Одан әрі табиғат лирикасына ойысып, «Айкөке», «Япурай», «Тілеуқабак», «Жиырма бес», «Құлагер», т. б. әндердің көркемдік әлеміне талдау жасаған. Автор халық мұрасын өсиет әндер деп те жікте, бірқатар үлгілерінің көркемдік болмысын тарқатып көрсеткен. Ғалымның әлеуметтік тақырыпқа құрылған «Гүлдерай», «Туган жер», «Өзпілдек», «Көрісу», «Майра», «Алдияр», сонымен қатар Біржан сал, Жаяу Мұса әндерінің мазмұны, құрылымы, көркемдік жүйесі туралы ізденистері де назар аударады.

Одан әрі «Елім-ай», «Исатай», «Құты қашты патшаның», «»Қайран елім, қайда?», «Амангелді сарбаздарының әні» сияқты түрлі кезендерге тән тарихи әндердің табиғатына тоқталған.

Б. Ерзакович қазақ әндерінің жанрлық белгілерін негізгі нысанда еткендіктен оларды фольклорлық, авторлық деп жіктемеген. Себебі 60-жылдарғы фольклортану ғылымында шағын жанrlар қарастырылса да, оларды көркем ойдаң стадиялық сатыларына орай фольклорлық және авторлық деп бөлу жолға қойылмаган еді.

Б. Ерзакович әпостық жыр-аныздардың музикалық мақамдарына да мән беріп, олардың үзінділерін нота жазуына түсіріп отырған. Өзінің осы бағыттағы тәжірибесін жинақтай келіп, эпикалық жанрдың дамуына тән үш түрлі кезенде жинақтаған. Олар:

- а) әндік-речитативтік;
- ә) музикалық-иллюстрациялық (фрагменттік);
- б) музикалық-аяқталған.

Оз кезеңі үшін бұл жіктеулердің танымдық маңызы зор болатын. Б. Ерзакович әпостық жырлардың музикалық мақамдарын толық емес, үзінді түрінде ғана нота жазуына түсіріп отырған.

Қазақ фольклортану ғылымында әпостық жырлардың әдеби-поэзиялық мәтіні ғана жазбаға түсіріліп келгені белгілі. 1942 жылы Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» циклы да таза әдеби шығарма қатарында жазбаға түскен-ді. Дұрысында әпос – поэзия мен музиканың синкреттік бірлігінен тұған туынды. Біздің зерттеушілеріміз ұзақ жылдар бойы осы ерекшелігін ескермей,

эпикалық дәстүр аясында тұған жырларды әдеби туынды қатарында зерделеп келгенін айту қажет. Осы себепті эпикалық дәстүрге тән поэзиялық өлшем (7-8 буынды жыр) ескерілсе де, сол өлшемнің құрылымына музикалық ыргактың қандай әсері бар деген мәселе назардан тыс қалып келді. Б. Ерзакович бұл мәселелерге терендеп бармаса да, «Алпамыс», «Қызы Жібек» сияқты әпостық жырлардың музикалық орындалу ерекшеліктеріне тоқталған. «Қозы Қорпеш –Баян сұлу» жырының негізгі сюжеттік желісінің мақамдарына тоқталып, жырдың музикалық болмысын барынша толық тілге тиек еткен. Әрбір музикалық эпизодқа талдау жасап, олардың құрылымы, ладтық арқауы, ыргактық-интонациялық ерекшеліктерін саралаған. Әпостық жырды бұлайша толық талдау ол кезеңде болған емес. Соның жақсы бір үлгісін Б. Ерзакович көрсетіп кеткен еді.

Б. Ерзаковицтің тағы бір жаңашылдығы – алғаш рет аныз күйлерді нота жазбасына түсіріп, талдау жасауында. Бұл реттен қобызшы Д. Мықтыбаев жеткізген «Аққу» күйі мен І.Әубекіров орындаған «Жетім бала» күй-аңыздарын ерекше атап қажет. Алғашқысы – 16, соңғысы – 14 фрагменттен тұратын аңыздардың музикалық мақамы мен құрылымдық ерекшеліктері жан-жақты әрі терең талданған. Осы мысалдар негізінде ғалым аспаптық музыканың қалыптасуына қатысты болжамдарын нақтылай түсken. Ол пікірлері әлі күнге ескіре қоймаған.

Зерттеудің үшінші тарауы кеңес дәүіріндегі қазақ музыкасының дамуына арналған. Бұғінде оның ескірген тұстары болса да, өз кезеңі үшін бұл ізденістердің маңызы зор болғаны анық. Қазақ музыкасының Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы, коммунизмге бет қойған даму жолдарына тоқталып, өзіндік ой-тұжырымдар сабактаған.

Монографияның ең қызықтысы - қазақ әндерінің мелосына арналған бөлімі. Жоғарыда айтып откеніміздей, И. Дубовскийдің мақаласы болмаса, бұл тақырып бізде зерттелмеген болатын. Б. Ерзакович осы тың салаға құлаш сермен, өзінің көптеген тұжырымдарын ортаға салған.

Солардың бастысы - қазақ мелосына тән трихордтық әуендер болса, осы негізде әндердің басталуына тән интонациялық құрылымдар жүйесі анықталған. Зерттеуші қазақ мелосына ұлғайтылған немесе кішірейтілген интонациялардың мулде жат екенін атап көрсеткен. Оны кезінде А. В. Затаевич те байқаған.

Б. Ерзакович музикалық ойдың аяқталатын тұстарына тән әуендік құрылымдарды да барынша кең әрі терең зерделеп, олардың әр аймаққа тән екендігін анықтаған. Мысалы, автор батыс музыкасына

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕННЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

ұлғайтылған трихорд құрайтын фригиялық әуеннің, шығысқа VII-II-I болып келетін каданстардың тән екенін жазады.

Одан әрі қазақ әндерінің өлшемдік арқауы қарастырылады. Зерттеуші көптеген халық әндерін талдау арқылы оларға 2+3 немесе 3+2 болып келетін өлшем үлгілерінің тән екендігін саралаған болса, бұл құрылымдардың әннің поэзиялық мәтініне, оның өлшеміне тигізер ықпалы әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалып келеді.

Автор музикалық ырғақ мәселесінде де біршама ойлар айтқан. Пунктир, оның айналық қайталануы, кантиленді әуен мен речитативтің аралас кездесуі нақты мысалдар арқылы көрсетілген.

Қазақ әндерінің құрылымына келгенде оны бір гана жеке дауысты куплеттік форма ретінде атайды. Оларды бір, екі және үш бөлімді деп жіктейді. Бұлардың барлығы да музикалық шығармаларды талдау үстінде анықталған жайттар.

Б. Ерзакович қазақ әндерінің ладтық арқауына да ерекше мән беріп, II, VII басқыштардың елеулі композициялық қызмет атқаратынын анықтаған. Одан әрі музикалық ойдың аяқталатын тұсы – каденцияға тән II-VII-I басқыштардан құралатын мелодиялық формулаларды саралап, VII басқыштың II басқышсыз қолданылмайтын заңдылығын ашқан. Осы мақсатқа орай «Ақбақай», «Жанбота», «Сырғакты» әндерінің құрылымын талдаған.

Қазақ музикасында кездесетін мажорлы ладтардың ерекшеліктеріне тоқталған тұстағалым әннің мелосына, әсіресе кульминациялық шыңына миксолидиялық ладтың тән екендігін айтады. Жалпы мажорлы ладтардың қатарында иониялық, миксолидиялық және «обиходтық» дыбыс қатары кездесетінін анықтаған.

Қазақ музикасындағы минорлы ладтарды сөз еткенде «Жиырма бес», «Әдемі қызы», «Жылқышы», т. б. әндердің ладтық құрылымын талдап, фригиялық, дориялық және эолиялық ладтардың жиі қолданылатынын атап көрсеткен.

Қазақ әндерінің диатоникалық сипатын басты орынға шығарған зерттеуші хроматизмдік құрылымға байланысты ойларын да ортага салған. Айтальық, Н. Тифтикиди сияқты зерттеушілердің халық ладтарында пайда болатын басқыштық өзгерістерді «қашықтағы хроматизм» деп бағалағаны бар. Е. Брусиловский қазақ әндерінің табигаты диатоникалық бола тұра, аракідік хроматизм жүйесі де көрініс береді деген (Брусиловский, 1938).

Бірақ Б. Ерзакович мәселеге байыппен қарап, А. Затаевичтің қазақ әндері түбекейлі диатоникалық жүйеде көрінеді деген пікіріне табан тірдейді. Сөйтіп ладтық өзгерістер негізінде пайда болатын «аралық хорматизм» көріністеріне жаңаша баға береді. Оларды диатоникалық жүйенің аясында таниды.

Зерттеуші назар аударған мәселелердің бірі – өлең мен әуенниң өзара байланысы. Қазақ әндерінің әуені мен ырғак-өлшемін олардың поэзиялық мәтіндеріне тән 11 буынды өлең өлшемімен байланыстырып, ішкі болмысына үніледі. Сол негізде музыкалық әуен мен поэзиялық мәтіннің синхрондық бірлігіне құрылған әндердің табиғатын ашады. Олар бірде 7-8, бірде 11 буынды болып отырады. Музыкалық-эпикалық дәстүрге тән буын-нота (слогонота) жүйесі дегеніміз осы.

Музыкалық мелос пен поэзиялық өлшемнің бірлігін сөз ете келіп, зерттеуші қазақ әндеріне тән бір заңдылықты көрсетеді. Ол – элизия. Оның мәнісі мынада: әр поэзиялық жолдағы буын саны дәстүрлі 7-8 немесе 11 буынды өлшемнен асып кеткен жағдайда, ондағы дауысты дыбыс жұтылып, оның орнын келесі сөздің алғашқы буыны басады. Екі буынды біріктіру өлең өлшемін тенстіріп жібереді. Музыкатануғының бұл мәселеге алғаш назар аударып сөз еткен ғалым – Б. Ерзакович.

Зерттеушінің назарынан мелос пен өлең арасындағы асихрондық байланыс, өлең жолдарын түрлі рефрендер арқылы кеңейту үлгілері де тыс қалмаған.

Монографияның соңғы төртінші бөлімі қазақ және орыс музыкасындағы шығармашылық байланыстарға арналған. Қазақ музыкасындағы «Дударай», «Дубровский», «Он алты қызы», «Камаринская», т. б. әндерді негізге алып, автор қазақ-орыс музыкасының сабактастығын тілге тиек етеді. Олардың арасында бүтінде ескірген мәселелдер де жоқ емес.

«Песенная культура казахского народа» атты монография 60-жылдарғы қазақ музыкатануғындағы елеулі құбылыс болғаны анық. Онда қазақ мелосына тән көптеген ерекшеліктерді теориялық және практикалық негізде қарастырган Б. Г. Ерзакович ұлттық ұнсазымызды зерттеудің жаңа үлгісін көрсетті.

Талқылау

Б. Г. Ерзаковичтің «Музыкальное наследие казахского народа» атты еңбегі ғалымның қазақ халық музыкасы, соның ішінде ән жанры

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕННИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

туралы ізденістерін қамтиды. Олардың санатында еңбек, махабbat, табигат тақырыбына құрылған әндер, дидактикалық сарындағы өсімет пен ғибратты арқау еткен жанрлар, шаруалар мен жұмысшылар әндері де бар.

Қазақ мелосына тән ерекшеліктерді қопара зерттеген ғалым қазақ музыкасында кездесетін жанрларды саралау арқылы музикалық тіліміздің генезисі туралы ойлар сабактаған. Өз кезеңі үшін мұның маңызы зор болатын. Зерттеушінің бұл тұстағы жаңалығы – «Кодекс Куманикус» жазбасында сақталған, католик шіркеуінде орындалған музикалық әуенде тұнғыш рет нота жазуына түсіріп,ғылыми оралымға қосуында.

Б. Ерзакович еңбегінің кезекті тараулары Абай Құнанбаев, Жаяу Мұса Байжанов, Кенен Әзірбаев әндерінің көркемдік ерекшеліктерін талдауга арналған. Ғалым олардың өмірбаяндық деректерін келтіріп қана қоймай, музикалық мұрасына байланысты бұрын-соңды айтылған пікірлерге жан-жақты тоқталып, толыққанды бағасын берген.

Қазақ музыкасын жинап әрі зерттеген А. В. Затаевич, А. Ф. Эйхгорн, А. К. Жұбанов еңбектеріне арналған ізденістері де тартымды. Олар қазақ музыкатану ғылымының даму белестерін байқатады.

Б. Ерзаковичтің кезекті зерттеуі «У истоков казахского музыкоznания» деген атаумен жарыққа шыққан. Жеті тараудан тұратын бұл еңбегінде ғалым қазақ халқының музикалық аспаптары, бақсылар типі, айтыс өнері, балаларды еңбекке баулитын ойындар туралы зерттеулер жүргізіп, өзінің ой-тұжырымдарын ортага салады.

Еңбектің қалған тараулары қазақ-орыс музыкасының сабактастығына арналған. Олар қазақ тұрмысынан орын алған орыс музикасы, қазақ әндерін жазып алған орыс ориенталистери, Ресей мәдениетіндегі қазақ музыка өнері сияқты мәселелерді қамтиды. Кітаптың соңынан қазақ халқының музикалық фольклорын зерттеген ғалымдар еңбектерінің библиографиясын берген.

Б. Ерзакович – ғалым, педагог әрі ұйымдастыруши. Оның бастамасымен А. В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағы толықтырылып, 1963 жылы Москвада қайта басылып шықты. Ғалым әйгілі музыка этнографының «Қазақтың 500 ән-күйі» атты жинағын қайта бастыруға да мұрындық болған. Жалпы бұрынғы одақ, республика көлеміндегі халық музикасын зерттеуге бағышталған мәдени-музикалық форумдардың бел ортасында Б. Г. Ерзакович жүрген. Ол А. К. Жұбановтан соң ұзақ жылдар бойы М. О. Өзев

атындағы Әдебиет және өнер институтының музика бөлімін басқарып, бірқатар шекірттерін даярлады.

Қорытынды

Қазақ халқының музикалық мәдениетін көсіби негізде жинау және зерттеу XX ғасырдың 20-жылдары басталғаны белгілі. Алғашқы ізденістер музикалық-этнографиялық бағытта болып, көбіне музика үлгілерін нота жазуына түсіру ісімен байланысты болды. Бұл бағыттың басында А. В. Затаевич тұрды.

30-жылдары қазақтың аспаптық музикасы мен әншілік өнерінің өкілдері туралы тарихи материалдар жинақталып, таным берендей түсті. Есімдері қазақ даласына кең жайылған Ақан сері, Біржан сал, Мұхит, Құрманғазы, Дәүлеткерей, Тәттімбет, Ықылас, Сармалай, т. б. өмірбаяндары мен артында қалдырган музикалық мұрасы туралы деректер жиналып, алғаш 1942 жылы оқырман қауымға ұсынылды. Бұл ғылыми ізденістердің басында А. Қ. Жұбанов тұрды.

XX ғасырдың ортасына қарай музикалық-теориялық ізденістер бой көрсетіп, қазақ халқының ән мұрасы ғылыми негізде қарастырылып, тарихи, жанрлық және стильдік тұрғыдан зерделенді. Бұл реттен П. В. Аравин, Б. Сарыбаев, Н. Ф. Тифтиқиди, К. З. Темірбекова, т. б. галымдардың ізденістерін де атауга болады. Алайда бұл музикалық-теориялық зерттеу бағытының арқауын тартқан Б. Г. Ерзакович болды. Оның еңбектері қазақ музикатану ғылымындағы теориялық ізденістердің іргетасын құрайды. Қазақ мелосы, оның әуендік-интонациялық, ладтық, ыргақтық-өлшемдік құрылымын жүйелі түрде саралаған еңбектер Б. Ерзакович зерттеулеріне дейін көп бола қойған жоқ. Сондықтан XX ғасырдың 60-жылдары үшін ғалымның «Песенная культура казахского народа» атты еңбегі үлкен жаңалық болғаны анық. Дәл осы монографиясына өнертану ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілгені де тегін болмаса керек.

Б. Ерзакович – қазақ ғылымында теориялық музикатану бағытының іргетасын қалаған ғалым. Оның құрделі еңбектері осы бағыттағы ізденістердің бастауы болып қала береді.

Әдебиеттер

Ақан сері. *Маңмаңгер*. –Алматы: Өнер, 1988. – 96 б.

Брусиловский Е. Г. Заметки о казахской музыке //Литературный Казахстан. – 1938, N1.

Б. Г. ЕРЗАКОВИЧ – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕННЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

Ерзакович Б. Г. Қазақ музыкатану ғылымының сағасында. –Алматы, Ғылым, 1987. – 176 б.

Ерзакович Б. Г. Кенен Әзірбаев. –Алматы, 1961.

Ерзакович Б. Г. Қазақ және орыс музыкасының шыгармашылық байланысы. – Алматы, 1962.

Ерзакович Б. Г. Қазақ совет музыкасы. –Москва, 1954. – 64 с.

Ерзакович Б. Г. Қазақ халқының ән мәдениеті. –Алматы, Ғылым, 1966. 400 б.

Ерзакович Б. Г. Қазақ халқының музыкалық мұрасы. –Алматы, Ғылым, 1979. – 184 б.

Ерзакович Б. Г. Қазақ эпосының музыкалық орындалуы. –Алматы, 1959.

Ерзакович Б. Г. Қазақстанның халық әндері. –Алматы, 1955.

Ерзакович Б. Г. Қазан төңкөрісіне дейінгі қазақ халқының ән шыгармашылығы. –Алматы, 1954.

Ерзакович Б. Г. Музыкальное искусство Казахстана. Краткий очерк. –Алматы, Ата, 1962.

Ерзакович Б. Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясы. –Алматы, Ғылым, 1994, 280 б.

Қазақ халқының аспаптық музыкасы. –Алматы, Ғылым, 1964. –246 б.

References

Aqan seri. Maímaíger. – Almaty: Óner, 1988. – 96 b.

Brýsilovskii E. G. Zametki o kazahskoi mýzyke //Literatýrnyi Kazahstan. –1938, N1.

Erzakovich B. G. Qazaq mýzykataný ғылымынý saǵasynda. –Almaty, Ғылым, 1987. – 176 b.

Erzakovich B. G. Kenen Ázirbaev. –Almaty, 1961.

Erzakovich B. G. Qazaq jáne orys mýzykasynyń shyǵarmashylyq bailanysy. – Almaty, 1962.

Erzakovich B. G. Qazaq sovet mýzykasy. –Moskva, 1954. – 64 s.

Erzakovich B. G. Qazaq halqynyń án mádenieti. –Almaty, Ғылым, 1966. 400 b.

Erzakovich B. G. Qazaq halqynyń mýzykalyq murasy. – Almaty, Ғылым, 1979. – 184 b.

Erzakovich B. G. Qazaq eposynyń mýzykalyq oryndalýý. –Almaty, 1959.

Türkoloji

№ 2(118), 2024

ТЫНЫСБЕК ҚОНЫРАТБАЙ

Erzakovich B. G. *Qazaqstannyń halyq ánderi*. –Almaty, 1955.

Erzakovich B. G. *Qazan tóñkerisine deuingi qazaq halqynyń án shyǵarmashylyǵy*. – Almaty, 1954.

Erzakovich B. G. *Mýzykalnoe iskýsstvo Kazahstana. Kratki ocherk*. –Alma-Ata, 1962.

Erzakovich B. *Qazaq halqynyń ǵashyqtyq ánderi antologiasy*. A.: ǵylym, 1994, 280 b.

Qazaq halqynyń aspaptyq mýzykasy. –Almaty, ǵylym, 1964. – 246 b.

- Sergeyev, L. P. (1965). Nekotoriye voprosi lingvisticheskoy geografiyi čuvaşskogo yazika. *Učeniye Zapiski*, (28.), 130-141.
- Sergeyev, L. P. (1967). K voprosu lingvisticheskoy geografiyi terminov rodsya i svoystva v čuvaşkom yazike. *Učeniye Zapiski*, (34), 64.
- Sergeyev, L. P. (1972). *O doyakovlevskom periode čuvaşskoy pis'mennosti*. İçinde L. P. Sergeyev, A. E. Gorškov (Ed.). 100 let novoy čuvaşskoy pismennosti,

Türkoloji

№ 2(118), 2024

BAHAR ERİŞ KARAOĞLAN

- Çeboksarı: Naučno issledovatel'skiy Institut pri sovete ministrov čuvaşkoy ASSR, (47-77).
- Sergeyev, L. P. (2007). *Diyalektnaya sistema čuvašskogo yazika*. Çeboksarı: Čuvaşgospeduniversitet im. I. Ya. Yakovleva.
- Sergeyev, V. İ. (2000). *Halhi čiwaş literatura čiňhi leksika ta ta leksikologi semantika ta ta Semasiologi*. Şupaşkar: İ. N. Ulyanov yaçılılı patşalıh universiteçi.
- Savelyev, A. V. (2018). “Naçertaniye...” V. P. Vişnevskogo i yazık čuvaşkoy pismennosti v pervoy polovine XIX veka. *Uralo-altayskiye issledovaniya*, (03-30), 62-81.
- Savelyev, A. V. (2016). Çuvaşkiy perevod odnoy propevedi seredini XIX veka. *Uralo-altayskiye issledovaniya*, (01-20), 68-104.
- Tupmalli Yumahsem. (2015). *Çeboksarı: Čuvaşskiy Gosudartvennyi Institut Gumanitarnih Nauk*.
- Üçok N. (1956). *Genel Fonetik*. İstanbul: İbrahim Horoz Matbaası.
- Yakovlev, P. Ya. (2015). *İ. Ya. Yakovlev ertse pinipe kuşarnı bibli teksiqen orfografiyi: pırle-uyrım yırke*. İçinde Yu. N. Isayev, Yu. M. Vinogradov, A.P. Dolgov (Ed), Çiwaş Orfografiyin İnni Halhi Pulassi, (ss. 41-53), Çeboksarı: Čuvaşskiy gosudarstvenniy institut gumanitarnih nauk.
- Yegorov D. E. (1998). *S. M. Mihaylov-prosvetitel'i issledovatel čuvaşskoy narodnoy pedagogiki*. Çeboksarı: Čuvaşskiy gosudarstvenniy universitet.
- Yegorov V. G. (1964). *Etimologičeskiy slovar' čuvaşskogo yazika-Çiwaş Çiňhin Etimologi Slovari*. Çeboksarı: Čuvaşskoye knijnaye izdatel'stvo.
- Yegorov, N. İ. (2009). *İzbraniye trudi*. Etimologiya. Etnoglottogenez. I. Çeboksarı: Čuvaşskogo gosudarstvennogo instituta kulturi i iskusstvo.
- Zeltov, P. V. (2013a). Proishodjeniye čuvaşskikh diyalektov. *Fundamentalniye issledovaniya*, (6-6), 1535-1538.
- Zeltov, P. V. (2013b). Drevo divernitsiyi čuvaşsih dialektov. *Fundamentalniye issledovaniya*, (8-1), 202-205.
- Zeltov, P. V. (2019). *Finno-Ugorskiye zaimstvovaniya v čuvaşkom yazike*. Çuvaşı i Mariytsi-sosedii poobşemu domu. (251-255).
- Zolonitsky, N. İ. (1875). *Kornevoy čuvaşko-ruskiy slovar*. Kazan: V tipografi Imperatorskogo universiteta.
- URL-1: <https://vulacv.wordpress.com/tag/1820/#1>
- URL-2 <https://old.bigenc.ru/ethnology/text/2287301>
- URL-3: <https://sahmah.chv.su/s/%D1%82%C4%83%D1%80%C4%83>

URL-4:

<http://samah.chv.su/s/%D0%B0%D0%B2%C4%83%D0%BB%D1%82%D0%B0%D0%BD>

URL-5: <https://samah.chv.su/s/%D0%BB%D0%B0%D0%BA%C4%83%D1%80>

URL-6:

<https://samah.chv.su/s/%D0%B2%D1%83%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D0%BA%D0%BA%D0%B0%D0%BD%C4%83%D0%BA>

Аннатація: XIX ғасырдың екінші жартысында С.М. Михайлов аудармашы ретінде мансабын чуваш халқында тіл немесе ұлттық бірегейлік сезімі дамымаған кезде бастады. Аудармашы болып жұмыс істей отырып, ол чуваш халқының тарихы мен мәдениетін терең зерттеді, кейіннен тарихи чуваш тілінің лингвистикалық ресурстарының маңызды бөлігіне айналған зерттеулер жүргізді. Оның елеулі еңбектерінің бірі «Чуваш әңгімелері мен өртегілері» атты жұмбақтар жинағы. Вирял диалектісінен шыққан бұл жұмбақтардың Қазан төңкерісіне дейінгі жазба тілін білдіретіндіктен чуваш халқының лингвистика тарихы үшін үлкен маңызға ие. Осы аспектінің маңыздылығын ескере отырып, бұл мақалада бұл жұмбақтардың түркіше аудармалары мен транслитерацияларымен қоса тізім ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеуде жұмбақтар дыбыстық, морфология және сөздік жағынан да қарастырылады. Түркиядағы чуваш тілінің тарихи зерттеулеріне азды-көпті үлес косуды қөздеңген бұл мақаланың тағы бір мақсаты – оқырманды жергілікті халық мәдениетінің тікелей көрінісі болып табылатын жұмбақтармен таныстыру.

Кілт сөздер: С.М.Михайлов, чуваш тілі, вирял диалектісі, жұмбақтар, тіл ерекшеліктері

(Баһар ЭРИШ КАРАОГЛАН. СПИРИДОН МИХАЙЛОВИЧ МИХАЙЛОВ ЖИНАҒАН ЖҰМБАҚТАР ЖӘНЕ XIX ФАСЫР ОРТАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ВИРЯЛ ДИАЛЕКТИСІ)

Аннотация. Во второй половине XIX века С.М. Михайлов начал свою карьеру переводчика в период, когда чувашский народ еще не сформировал язык или чувство национальной идентичности. В процессе своей работы переводчиком он глубоко изучал историю и культуру чувашского народа, проводя исследования, которые впоследствии стали важными лингвистическими ресурсами в истории чувашского языка. Одним из значительных его вкладов является сборник загадок «Чувашские разговоры и сказки», которому посвящена данная статья. Эти загадки, происходящие

BAHAR ERİŞ KARAOĞLAN

из вирьяльского диалекта, имеют большое значение для лингвистической истории чувашского народа, так как представляют собой письменный язык до Октябрьской революции. Признавая важность этого аспекта, данная статья предлагает перечень этих загадок, включая их переводы на турецкий язык и транслитерации. Более того, исследование также оценивает загадки с точки зрения фонологии, морфологии и словарного состава. Еще одной целью данной статьи, призванной внести скромный вклад в исторические исследования чувашского языка в Турции, является ознакомление читателя с загадками, которые являются непосредственным проявлением местной народной культуры.

Ключевые слова: С. М. Михайлов, чувашский язык, вирьяльский диалект, загадки, особенности языка

(Бахар ЭРИШ КАРАОГЛАН. ЗАГАДКИ, СОБРАННЫЕ СПРИДОНОМ МИХАЙЛОВИЧЕМ МИХАЙЛОВЫМ, И ИСТОРИЧЕСКИЙ ВИРЬЯЛЬСКИЙ ДИАЛЕКТ СЕРЕДИНЫ XIX ВЕКА)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Bahar ERİŞ KARAOĞLAN (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

UDC 81'28; 81'286

DBTBL 16.21.63

Бағдат ЕРТАЕВА

филология магистрі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрк университеті, Түркістан, Қазақстан
(bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0000-0001-5953-1509>

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ
ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ***

Аннотация: Макалада қазақ және түркі халықтарының бесік жырларына шолу жасалып, түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіндегі бесік жырының тәрбиелік маңызына ғылыми талдау жасалған. Атап айтқанда, қазақ, қарақалпақ, ұйғыр халықтарының бесік жырларынан үзінділер алынып, жалпы түркі халықтарының бесік жырларының өзіндік ерекшеліктері жөнінде кеңінен айтылады және түркі халықтарының отбасында бесік жырларын айту арқылы ана мен бала арасындағы қалыптасатын рухани байланыстарға назар аударылған. Зерттеу барысында фольклортану ғылымында бесік жырын жан-жақты зерттеген іргелі ғалымдар болып табылатын А.Ветухов, М.Элиаш, А.Мартынова, С.Сейфуллин, Ш.Ахметов, Б.Уахатовтардың бесік жырына қатысты зерттеулері негізге алынған. Сондай-ақ, С.Қасиманов, А.Янушкевич, А.В.Затаевич және Н.Боратовтың да бесік жырына қатысты маңызды пікірлері назарға алынған. Қазақ халқымен қатар, түркі халықтарында да бесік жырының маңызды сипатқа ие болуы жыр жолдары мен түркі ғалымдарының пікірлері арқылы дәлелденген. Бесік жыры – бала тәрбиесінің алғашқы әліпбіл, баспалдағы саналады. Бесік жырын айтып, ұрпақты қалыптастыру тек қазақ халқы үшін емес, күллі түркі жұрты үшін маңызды сипатқа ие. Макала арқылы түркі халықтарындағы бесік жыры табиғатымен таныса отырып, болашақ ұрпақ жөніндегі халық мұратын танимыз, бесік жырының бала тәрбиелену ісінде үлкен қызмет атқарып келе жатқан балалар фольклорының ерекше арнаулы саласы екендігін үғынамыз.

Кілт сөздер: бесік жыры, бала тәрбиесі, балалар әдебиеті, адамгершілік, ұрпақ, ата-ана

* Келген күні: 27 ақпан 2024 ж. – Қабылданған күні: 19 маусым 2024 ж.

Date of Arrival: 27 February 2024 – Date of Acceptance: 19 June 2024

Geliş Tarihi: 27 Şubat 2024 – Kabul Tarihi: 19 Haziran 2024

Поступило в редакцию: 27 февраля 2023 г. – Принято в номер: 19 июня 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1443369



Content of this journal is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International License

Baghdad YERTAEVA

master of philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan (bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0000-0001-5953-1509>

EDUCATIONAL SIGNIFICANCE OF LULLABY OF TURKIC PEOPLES

Abstract: In the article, the lullabies of the Kazakh and Turkish people are reviewed and a scientific analysis is made on the educational importance of lullabies in the upbringing of the Turkish people. By quoting especially from the lullabies of the Kazakh, Karakalpak and Uyghur people, by examining the characteristics of the lullabies of the Turkish people in general, the spiritual bonds established between the mother and the child by singing lullabies in the families of the Turkish people are discussed in detail. During the research, basic scientists who comprehensively studied lullabies in folklore science A. Vetukhov, M. Eliash, A. Martynova, S. Seifullin, Sh. Based on Akhmetov, B. Ukhator's research on lullabies. In addition, the important opinions of S. Kasimanov, A. Yanushkevich, A. V. Zataevich and N. Boratov regarding the lullaby were also taken into account. The importance of lullabies among the Turkish people as well as the Kazakh people is proven by the lyrics and the opinions of Turkish scholars. Lullaby is considered the first alphabet of child education, a stepping stone. Singing lullabies and creating a generation is important not only for Kazakhs but for all Turkish peoples. Thanks to the article, we will get to know the nature of lullabies of the Turkic peoples, get acquainted with the ideals of the people for future generations, understand that lullabies are a special branch of children's folklore and play a big role in children's folklore.

Keywords: lullaby, child education, children's literature, humanity, family, parents.

Kиpиспe

Бесік жыры – бала тәрбиесінің алғашқы әліпбій, алғашқы баспаңдағы саналады. Қазақ халқында бесік жыры «әлди» деп аталады. Әлдилеу – тербету немесе баланы алдына алып бірқалыпты ыргау деген ұғымды береді. Бесік жырының атауы әр халықта әр түрлі аталады. Бесік жырын өзбек халқы «әлле» десе, үйғырларда «бөшүк нахшиси», татарларда «әлли-бәлли», әзіrbайжан түріктегі «лайлай», қазандықтар «бишик жыры: бесік түркісі (әні)» деп атайды (Іслемжанұлы, 2007, 94-б.). Қазақ халқы және жалпы түркі халықтарында нәресте шыр етіп дүние есігін ашқан сәтінен бастап ата-анасынан бесік жырын тыңдал,

ТУРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

бойына сіңіріп өседі. Ата-ананың сәбін ерекше жақсы көруі, аялап өмірге баулуы барлығы да жыр тілімен өрнектеліп отырады. Яғни, ата-ана бесік жырын айту арқылы нәрестені тыныштандырып қана қоймайды, баланы жаңаша өмірге бейімдейді, бөбектің рухани жағынан дамуын қадағалайды және өз қогамына сай тәрбиелі азамат болып ер жетуіне де үлесін қосады. Біріншіден, бесік жыры баланың мінез-құлқының қалыптастыруды шешуші рөл атқарады. Бесік жырын тындау арқылы баланың сана-сезімі оянады, көңіл-күйі көтеріледі, ынталанады, баланың тілі ерте шығады, баланың есте сақтау қабілеті дамиды, өседі. Бесік жырын айту арқылы ата-ана баланың бойындағы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттердің дамуына жол ашады. Бесік жыры екі түрлі міндет атқарады: 1. Сәбиді жұбату және сәбидің болашағына деген ата-ананың шынайы тілегі; 2. Ананың сәбінің деген маҳаббаты, ой-арманы, ата-ананың өсиеті.

Бесік қазақ халқы үшін маңызды мұліктің бірі саналады. Ұлы Абай қарасөздерінің бірінде (жетінші сөз) «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезден туады. Біреуі ішсем, жесем, үйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік, не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу құлсे немесе жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене, бұл немене» деп, ол неге үйтеді? бұл неге бүйтеді? – деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» (Құнанбайұлы, 2022: 24). Міне, осы «жан құмарлығын» халық бесік жыры арқылы өтеуге тырысады. Бесік жыры арқылы алғашқы өмір әуендерін құлағына сіңіре бастайды.

Бесік жырының мазмұны түгелдей ата-ананың нәрестесіне деген қуанышын айтудан, оның жақсы азамат болуына тілекtestіk білдіруден тұрады. Осыларды айта отырып, бесік тербетуші ана бөпенің жайлы ұйықтап тынығуын тілейді.

Көзімнің ағы мен қарасы,
Жүргімнің парасы,
Көңілімнің санасы!
Айналайын шырағым!
Көлге біткен құрағым!
Мандайдағы құндызыым,

Аспандагы жұлдызым!
Әлди-әлди әлди-ай!
Әлди, бөпем, үйікта жай!

Жырдан алынған бұл үзіндіде нәрестені жақсы көрген ананың оны халық ұғымындағы жақсы нәрселерге тенеуге ұмтылғаны көрінеді. Осы халықтық тенеулер («Көлге біткен құрағым», «Маңдайдағы құндызым», «Аспандагы жұлдызым») біртіндеп бала санасына сіңіп, оның ұғымын, түсінігін кеңейтеді (Кирабаев, 1976, 130-б.).

Тақырыпты дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ және түркі халықтарындағы бесік жырына қатысты мағұлмат беру, қазақ және түркі халықтарындағы бесік жырының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын түсіндіру, түркі халықтарындағы бесік жырларына салыстырмалы түрде қарау. Түркі халықтарындағы бесік жырының жас ұрпақты адамгершілікке, отансуйгіштікке, бауырмалдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеудегі маңыздылығын көрсету. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Бесік жырына қыскаша сипаттама;
- Бесік жырына қатысты түркі ғалымдарының көзқарастары;
- Қазақ және түркі халықтары бесік жырынан үзінділер келтіре отырып, ұрпақ тәрбиесіндегі бесік жырының маңыздылығын көрсету;
- Бесік жыры туралы ғалымдардың көзқарастары;

Зерттеудің ғылыми-зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысын жазу барысында түркі халықтарында ұрпақ тәрбиесінде бесік жырының маңызын қарастырдық, бесік жырына қатысты ғалымдар пікірін негізге алдық. Зерттеу барысында деректерді жинау және сапалы зерттеу әдістерінен алынған мәліметтер бойынша салыстыру жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары

Жас баланы бесікке салуды қазақ және түркі халықтары қуаныш етіп, тойлап өткізген. Мұны да ойын сауыққа айналдырған. Онда айтылған өлеңдерден жас баланың дені сау, ер-азамат болып осуін халықтың тілейтіндігі де көрініп отырады. Кейіннен, бесіктегі жас баласын тербете отырып, аяулы ана көніліндегі ой-арманын, жақсы тілегін білдіреді. Мұны халық «бесік жыры» деп атаган (Ғабдуллин, 1974, 51-б.).

ТУРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Бесік жыры – халық әдебиетінің лирикалық дәстүрлік туындысы және балалар әдебиетінің өте маңызды бөлігі болып табылады. Бесік жыры бала екі-үш айлық болғанда басталып, үш-төрт жасқа дейін жалғасады. Ана бөбекті бесік жырын айта отырып, тізеде, бесікте, тіке тұрып тез әрі ынғайлы тербетеді. Бесік жыры әдетте оның ұйықтан қалуына немесе жылауын тоқтатуына көмектеседі (Кұнанбай, 2008: 180).

Халық тұрмысында бесік жырын айтушылар аналар ғана емес. Оны немересін жұбатқан аталар мен әжелерден бастап, отбасы мүшелерінің барлығы да орындайды. Әдетте, қазақ отбасы көп балалы үй болатындықтан ересектерінің кішілерін бағып, тәрбиелеуі үйреншікті жағдай. Кейде бесік жырын балалар кезектісіп те айтады.

Бірінші бала:

Апаң кетті бел асып,
Беліне белбеу жарасып,
Тезек теріп жүргенде
Кетіп қапты адасып.

Екінші бала:

Апасы оның келеді,
Жұмыртқа әкеп береді.
Дәркен оны біледі,
Жыламайды күледі, -

деп этнограф С.Қасиманов бесік тербетіп отырған балалардың жырды кезектесіп орындастындығын да жазады. Жалпы көп балалы отбасында ересек балалардың кішілерін бағып-қагуы - көпшілік халықтар тұрмысындағы дәстүрлі құбылыс. Қазақ балалары да отбасылық өмірдің күнделікті тіршілігіне ерте араласады. Қөргенді ата-аналар «Істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіне жақсы», - деп оны қолдан отырады. «Бесік жырын» - «ана жыры» дегенімізben, оны бесік тербеткен әжелерден бастап, әркім орындаі береді. Оған бесік тербеткен адамның:

Әлди, әлди, алайын,
Атқа тоқым салайын
Қыдырып кеткен апаңды
Қайдан іздең табайын? –
деп әндететіні де дәлел (Іслемжанұлы: 2007, 95-б.).

Әдебиеттану терминдер сөздігінде бесік жырына былай анықтама берілген: Бесік жыры - қазақ фольклорының жанрлық түрі деп беріледі. Өлең өрнегі жеті-сегіз буынды тармактарға негізделеді. Ерте кездерден

БАГДАТ ЕРТАЕВА

бесік тербетіп отырганда әнге қосып баланы уатып, қалғытып ұйықтатуға лайық біркелкі ырғақпен, жайдары жағымды үнмен айтылатын болған. Өлеңнің сөздері де мейлінше қарапайым, айтуға жеңіл болып келеді. Кейбір сөздердің қайталанып отыруы өлеңнің үйлесімділігін арттыра түседі.

Мысалы:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Аққұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін (Ахметов, Шаңбаев, 1998, 107-108-б.).

Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Сәби жүрегіне алғашқы рухани нәр ең алдымен осы әлди жыры арқылы сінеді. Тұп тамыры тым теренге, сонау алғашқы қауымдық құрылышқа қарай кететін бесік жыры ұзак жылдардағы адамзат тәжірбиесінің жемісі екені даусыз. Бүгінде әлемдік, көршілес фольклортану ғылымында бесік жырын жан-жақты сөз еткен талай іргелі зерттеулер дүниеге келді. Олардың ішінде А.Ветуховтың, М.Н.Элиаш пен А.Мартынованың еңбектерін атап айтқан жөн. Туркі текстес халықтар ішінде өзбек ғалымы М.Яқуббекова өзбек «аллаларын» (бесік жыры) арнайы қарастырады. Бесік жырына айрықша мән беріп, оны алғаш зерттеу объектісіне айналдырған зерттеушілердің бірі – С. Сейфуллин. Оның 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінде бесік жырына арнайы орын беріліп, жанрлық ерекшеліктері, эстетикалық мұраты мен тәрбиелік қызметі, кейбір көркемдік қырлары сөз болады. Ш.Ахметов өзінің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» атты еңбегінде бесік жырын балалар әдебиетінің бастау бұлағы ретінде танып, оның әдебиетті дамытудағы маңызы мен балалардың эстетикалық талғамын, дүниетанымын тәрбиелеудегі рөліне тоқталса, Б.Уахатов бесік жырын халық әдебиетінің жанрлық түрі ретінде қарастырады (Ахметов , Шаңбаев, 1998, 86-87-б.).

Бесік жырларының жақсы үлгілерін Әбубекір Диваев жинаған.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама.
Жілік шағып берейін.
Бай құтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Жұртқа жаман болса да,
Өзім сүйген аппағым, -

дайтін өлендердің тілі керемет, мазмұны өте бай. Асыл ана өзінің бесіктегі баласын ақ бөпем, аппағым деп еркелетіп, жұбатады.

Қазақ халқының бесік жыры бір қалыпты тоқтап қалмаған. Заман өте келе дамып отырған.

Қуып ойдың жетігін,
Біліп ғылым тетігін,
Ғалым болар ма екенсің?
Еңбек етіп бар елге,
Өнеріңмен әр елге,
Мәлім болар ма екенсің?
Көп қыыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің,
Ұйықтай қойшы бөпешім!.

Бұл бесік жыры баяғы сарын, ырғақпен айтылғанымен «Тегінде Адам баласы, Адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық» - деп дана Абай айтқандай, балам заманауи техниканы менгеріп, әлемге танымал ғалым болсын деген ата-ананың арман-тілегін білдіріп тұр. Жалпы қай түркі халықтарының бесік жырын негізге алсақ, сол халықтың бесік жырынан ата-ананың арман-мұраты айқын сезіледі. Мысалы түрік халқының бесік жырында:

Benim yavrum şuyuasak
Uyuyup da büyüyecek
Okullara gidecek
Büyük adam olacak... (Dilcin, 1989, 290-б.).

Менің құлыным ұйықтайды
Ұйықтайды да өседі
Мектепке де барады
Кемел адам болады.

Бұл бесік жырының мағынасы айқын, ата-ананың тілегі, арман-мұраты анық сезіледі.

Егер көршілес халықтардың бесік жырына тұтас көз жіберсек, талай туыстас көріністерді аңғаруға болады. Бұл ұқсастық, әсіресе, тарихы

тамырлас, тегі бір түркі халықтары жырларында тіптен мол. Мәселен, қарақалпақ, қыргыз, ногай жырлары көп жағдайда жолма-жол ұқсас шығып жатса, өзбек, татар, башқұрт, қарашай-балқар халықтарының жырларымен жанасатын тұстары аз емес. Әрине, өзіндік ерекшелік, айырмашылықтар мол. Бұл айырмашылық негізінен халық тұрмысындағы, тарихындағы, тілі мен діліндегі қайталанбас сипаттардан туып жатады (Қалиева, 2016, 94-б.).

Қазақ халқында бесік жырларын дәстүрлі бесік жырлары және суырып салма бесік жырлары деп екі топқа бөліп қарастырады. Дәстүрлі бесік жырына ұзақ жылдар бойы айтылып әбден қалыпта түскен жырлар жатады. Бұл жырлар тікелей балаларға арналған. Жырдың негізгі мазмұны баланы үйіктатуға тыныштандыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. Әдетте, сәби дүниеге келгенде айтылатын ғұрыптық жырлар, әлди айту, еркелету, уату жырлары дәстүрлі түрде ұлкендердің үлесіне тиесілі болып келеді. Суырып салма бесік жырлары адамның жеке басындағы, тұрмыстағы, тарих пен қоғамдағы түрлі оқиғалардың әсерінен туып тарап отырған. Бала тербетіп отырған адам бесік жырының дәстүрлі нұсқасын пайдалана отырып, өз ой толқынысын, қүйінш-сүйіншін сыртқа шыгарады. Бесік жыры қебінесе тілек айту мәніне құралады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді. (Қалиева, 2016, 34-б.).

Қарашай-балқар халқының ауызша мәдениетінің маңызды тұындысының бірі бесік жыры ұрпақтар сабактастырының негізгі құралы болып саналады. Қоғамдық өмірде кейінгі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін бесік жырлары жеке адамның психикалық дамуына да ықпал етеді. Тыңдау балалардың үйрену арнасы. Анасының құрсағында бес айлығында тыңдай бастаған бала Қарашай-балқар халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыштарын санасында жаңғыртып, үйрене бастайтындығы айтылған (Koçkar, T., Koçkar, R., Koçkar, A., 2018, s. 95).

Қаншама жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде беріліп келе жатқан бесік жырының бала психикасының дамуымен қатар, физиологиялық дамуы және ментальды түрғыдан дамуына да қосар үлесі ерекше. Галымдар жүргізген тәжірибелерге сүйенер болсақ, 1990 жылы Германиядагы Констанц университетінде жүргізілген зерттеуге сәйкес, ана құрсағында бесік жырын тыңдап жаттықпаған сәбилерге қараганда ана құрсағында жатқанда бесік жырын тыңдап жаттықкан нәрестелер геометриялық фигуralар атауын оқай түсінген. Яғни,

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

ментальды тұрғыдан ақылдырақ екендігі анықталған (Hasan Güneş., 2012, s. 320).

Ғалымдар зерттеуіне сүйенсек, бесік жырын тыңдап өскен бала ана тілін тез менгереді, баланың ойы жүйрік болады. Себебі, ана құрсағында бесік жырымен танысқандықтан сәби ортага тез бейімделгіш, ақылды, ұғымтал болып өседі. Бесік жырымен сусындаған сәби өзі катарапас сәбілерге қарағанда психологиялық, физиологиялық, ментальды тұрғыдан да жақсы қалыптасады.

Қарашай-балқар тілінің бар нәзіктігін, қыр-сырын, ананың балаға айтқан мына бесік жырынан байқауға болады.

Tuusa oy, allay caş bolsun
Toyda-oyunda coklansın,
Adamlıkńı saklansın,
Amanlıkdan canlasın.

Бұл бесік жырының жолдарында балам өскенде халықтың қалаулы адамы болсын, өлең-жыр айтуды, нақышына келтіріп билеуді менгерсін, құрбы-құрдас арасында орнымен құресуді үйренсін, мықты, жігерлі ұл болсын, ешкімді ренжітпейтіндегі намысты, тәрбиелі, ата-анасын, халқын ұятқа қалдырмайтындей жөнін білсін деген ата-анаңың ізгі тілегі жатыр.

Осы мазмұндағы қазақ, түрік, қарашай-балқар бесік жырларынан ұқастық байқалады. Ата-анаңың балаға тілегі, арман мұраты айқын сезіледі. Біліп ғылым тетігін, Ғалым болар ма екенсің?/ Okullara gidecek, Buyük adam olacak./ Tuusa oy, allay caş bolsun, Toyda-oyunda coklansin./ жырлардан байқағанымыздай, сәби өсіп ғалым болсын, оқып үлкен кемел адам болып қалыптассын, халық қалаулысы болып, тойда өлең жыр айтсын деген ізгі ата-ана тілегі басым екені байқалады.

Уату-алдарқату жырлары бөбек сөзге ден қойып, әрбір әрекетке жіті қарай бастаған шақта айтылатын фольклорлық ұлгілерге кіреді. Жылаған сәбиді сөзбен уату, дыбысқа, қымылға көңілін аудару ыңғайымен оны ата-ана да, бөбекті бағу міндеті жүктелген бала да атқара береді. Баланың бабын кім таба алса, кім балажанды болса, уату-алдарқатулар соның тілінен айтылады. Уатушы әрқашан да бала мінезіне қанық болмаса, өз міндетін орындаі алмайды. Қарақалпақ халқының уату-алдарқату жырларында еркелету, әспеттеу сарыны басым. Бұл – бөбектің көңілін аулаушы басты тәсілдердің бірі. Әрине, мұның өзі сөз мәнін ұға бастаған балаға айтылғандығымен де назар

БАГДАТ ЕРТАЕВА

аудартады. Осындау уату-алдарқатудың дәстүрлі ұлгісі мына мәтіннен айқын көрінеді:

Айдыр, айдыр – ай ермиш,
Айдай уғлан бар ермиш,
Ай дийдарлы угланның,
Ақ отаўы бар ермиш,
Ақ отаўдың баўырында,
Ақ өйшеси бар ермиш,
Ақ өйшеси жанында,
Ақ кишеси бар ермиш,
Ақ кишеси алдында,
Ақ кисиси бар ермиш,
Ақ кисиси қолында,
Ақ кесеси бар ермиш,
Ақ кесеси ишинде,
Ақша алма бар емиш,
Ақша алма – сизики,
Аппақ бала – бизики! (Amirlan, 2017, s. 102-103).

Қарақалпақ уату-алдарқату жырлары үшін тұракты қалып болған «айдыр, айдыр...» тіркесі жанрдың негізгі тізбекті бастауы болып саналады. Назарымыздың мәтінде айдай нұрлы жүзді сәби жыр арқауы етіп алынып, оған жасауланған ақ отау ішінде ақ әжесі (ақ әйше) мен ақ жеңешесі (ақ кише) бары, ақ жеңешесі алдында кішкене ғана ақ кісі, яғни бөбектің өзі барлығы, ал оның қолындағы ақ кеседе аңсарды аудырып тұрган ерекше жеміс (ақша алма) бар екені дәріптеліп, аппақ баланың одан да сүйкімді, одан да тәтті екендігі өте тартымды баяндалған. Сәбиге осындаи сипат, осылайша марапат беріледі. Мұндай қисынды сипаттаулар сөз магынасын жаңа ғана аңгара бастаған сәбиді де баурап, оның аптыққан ашулы қөнілінің сабасына түсіп, саябыр табуына, өксігі тиылып, тәтті сезімдерге бөленуіне ықпал етеді. Қамыққан қөніл осылай сергітіледі.

Түркі халықтарында бөбекті уатып, алдарқатудағы тағы бір зейін қоярлық жәйт, балаға әртүрлі аң-құстардың құйрығынан, қанатынан тағыншақтар жасап беруді уәде ету, оны соған қызықтыру болып табылады. Мұны қарақалпақ уату-алдарқату өлеңдерінен де көреміз:

Айдыр, айдыр-айдыр,
Айды үлатып келейин,
Айдыны артық балаға,
Айдырмаш айтып берейин.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жылама бөпем, жылама,
Жилик шағып берейин,
Жийек қустың қүйрығын,
Жіпке тағып берейин...

Қарақалпақ халқының байырғы әдеби мұралары арасынан орын алған осы сарындағы жолдар қазақ фольклорында:

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұттанның қүйрығын,
Жіпке тағып берейін..., - деп айтылады (Amirlan, 2017, s. 103-104).

Осы екі жырды салыстырып қарасақ, қазақ халқының, қарақалпақ халқының бесік жырлының ішкі мазмұны ұқсас, *Жылама бөпем, жылама-жылама бөпем, жылама/ жілік шағып берейін, айдырмаши айтып берейін/ жийек қустың қүйрығын жіпке тағып берейін, ақ құттанның қүйрығын жіпке тізіп берейін* деген секілді ұқсас сарынды, сәбиді жұбату мағынадағы сөздер қолданылған.

Ұйғыр халқының әдет-ғұрпына сәйкес сәбиді бесікке бөлеп болғаннан кейін, баланың тыныш ұйықтауы үшін «бесік жыры» айтылған. Бұл бесік жырын ұйғырлар “бөшүк нахиси” деп атаған.

Баг-баг эткән бегиртақ
Әлләй, балам әлләй.
Барай десәм йол жирақ,
Әллай, балам, әлләй.
Жирақтика туққандин,
Әлләй, балам, әлләй.
Там хошнилар яхширақ,

Әлләй, балам, әлләй. - деп келеді (Зульяров, 2009, 129-б.). Бесік жырлының мазмұнына келер болсақ,

Әлди, балам әлди
Барайын десем жол ұзақ,
Әлди, балам әлди,
Жырақтағы туысқаннан,
Жақындағы көрші жақсы,
Әлди, балам әлди, -

дей отырып балаға өз түйгенін айтады (Зульяров, 2009, 129-б.).

Бесік жырлының тереңіне үңілер болсақ, баланың дамып, қалыптасуында алар орны ерекше. Балалардың алғашқы үйрену үдерісі

тындаудан басталады. Бала туылудан алдын ана жатырында бесінші айдан бастап мидаң қызметі жұмыс істей бастайды. Бала сырттан келетін дыбыстарды зерттей бастайды. Оған ең жақын адам ретінде анасының дауысы өте маңызды. Карабулатованың айттынша: Бала алғашкы анасынан естіген бесік жырлар арқылы гентикалық код оянады. Сол себепті кейбір ғалымдар бесік жырымен еспеген балалардың өмір сүру барысында аз табысты және психикалық бұзылыстарға тез бейім болатындығын айтады. Балалардың сөйлеу және ойлау дағдылары мен тұлғалық қасиеттерінің дамуы мен психомоторлы деңгейі бесік жырымен жүреді. Генитикалық жады оянбаған балалардың өмірге, қоғамға бейімделуі қын болады, баяу дамиды. Бесік жырын әр ғалым әр түрлі бағалайды (Koçkar, T., Koçkar, R., Koçkar, A., 2018, s. 95).

Амил Челебиоғлу: бесік жыры екі-үш айлықтан үш-төрт жасқа дейін айтылатын, ана сәбиін құшағына ала отырып аяғында немесе бесікпен тербете отырып, жылдам ұйықтату үшін, әрі жылағаның жұбату үшін айтылатын төрт тармақтан тұратын халық әнінің бір түрі дейді. Бесікті тербету ырғағымен әуезі үйлесімді бесік жырын айту кезінде ананың үні жогарыладап, бәсендеп отырады, сәби бесікке бөлөнген сәттен бастап, баяу, жылдам тербеледі. Яғни ана сәбидің жылауына, күлуіне қарай дауысын реттейді. Осылайша сәби ұлттық әуеннің алғашкы дәмін, әсерін бесік жыры арқылы ана тілінде, ананың құшағында алады деуге болады (Çelebioğlu, 1982, s. 212).

Бесік жыры тақырыптары ананың сол сәттегі көңіл күйіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Бесік жырында балаға тілек ретінде ел билейтін хан бол немесе ұлы адам бол секілді сөздер айтылады. Ана өзінің көңілді сәті мен мұнды көңіл күйін бесік жырымен жеткізе алады. Шындығында бесік жырын айтқан ана өз назарын балаға бөледі және бесік әуені бесіктегі, ана құшағындағы балаға әсер етеді. Сәби шақтағы тындаған бесік жыры әсіресе үш жастан кейінгі қыз балаларда қуыршақтарымен ойнаган кезде байқалады. Осылайша бесік жырының қарапайым біркелкі әуендері өлеңмен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бесік жырын айтып отырган суреттерімен дайындалған кітаптар әсіресе, окуды енді бастаган қыз балалардың көnlінен шығады (Erman, 1989, 5-б.). Шұкру Елчин бесік жырын ана сәбиін ана сүтімен коректендіретін уақытта әрі баланы ұйықтату үшін айтылатын жыр ретінде танытады (Elçin, 2000, s. 271). Абдуrrахман Гүзел бесік жырын бір жағынан ана тілін оңай менгертетін әдеби шығарма ретінде санайды, сондықтан да, түрік тілін оқытуда бесік жырының маңызы ерекше болып табылады деп есептейді

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

(Коç, 2023, с. 25). А. Янушкевич: “Қазақтың 3-4 жасар баласының тілі жатық, ал 5-6 жастағы балалар шешен әрі тауып сөйлейді, ойын ұтымды жеткізе біледі”, - деп тандана жазған еken. Әйгілі А.В. Затаевичтің “Бүкіл қазақ даласы ән салып тұргандай...” деуінің астарында көп сыр бар еkenі анық (Ибраимова, Абдикеримова, Алиева, 2016, 39-б.). Эсма Шимшек “бесік жырымен өскен баланың өзіне деген сенімділігі артады және ол өмірге сенімді көзқараспен қарайды” – дейді (Şimşek, 2016, с. 34). Осыдан мынаны ұғынуға болады, бесік жыры баланың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ананың балаға бесік жырын айтуды өте маңызды. Бесік жырының арқасында анасы да іштегі сезімдері мен ойларын білдіреді. Ананың баласына арнап айтқан бесік жыры ана мен бала арасындағы байланысты қүшайте түседі (Aydoğmuş, 2020, с. 86). Пертев Найли Боратов ауызша дәстүрдің әдеби жанрлар арасындағы байланыстарын ашып көрсетуге тырысқан «Заманнан заманға» атты еңбегінде «Бесік жыры балаға ана тілін дұрыс пайдалана білуін үйрететін алғашқы жұмысшының қолындағы құрал іспетті, оған осы тілдің сан алуан ерекшеліктерін, ептілікті, тіл байлығын, нәзіктігін үйретеді, адамды өз тілінде сөйлемейтіндерден алшақтатып, оны өз тілінде сөйлейтіндерге жақындалады дейді (Karagöz, 2016, с. 1039). Ердал Айдоғмуш «Қазақ халқының бесік жырларынан мысалдар» атты мақаласында қазақ бесік жырларының өзіндік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады. Қазақ халқының бесік жырларын мынадай тақырыптарға бөліп қарастырады:

1. Сүйіспеншілік пен қамқорлыққа негізделген бесік жырлары
2. Болашаққа арман, тілек мақсатындағы бесік жырлары
3. Туыстық қатынасқа бағытталған бесік жырлары
4. Елге деген сағыныш магынасындағы бесік жырлары
5. Жануарлар туралы бесік жырлары
6. Дүға, тілекten тұратын бесік жырлары
7. Тұрмыстық жағдайға байланысты бесік жырлары
8. Сағыныш пен жұбанышты білдіретін бесік жырлары.
9. Нәрестенің сырт келбетін сипаттай отырып, тілек білдіретін бесік жырлары
10. Балаға үгіт-насихат айту мақсатындағы бесік жырлары.

Жоғарыдағы бесік жырларынан аңгарғанымыздай бесік жырларында балаға ақыл-кеңес беріледі. Ол өскенде қандай адам болу керектігі туралы бесік жырында айтылады, балаға бағыт-бағдар береді. Демек, қазақ мәдениетінде де, түркі халықтарында да балаға ақыл-кеңес айту дәстүрі нәресте бесіктеге жатқан сәтінен, бесік жырынан бастау алады деп ұғынылады.

Қорытынды

Жалпы түркі халықтары ұрпақ тәрбиесіне көніл бөлген. Баланың дүниеге келіп, оның қалыптасып дамуына ерекше назар аударған. Қазақ халқында «Баланың өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңың тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл бар. Халық арасында «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы», «Тәрбие тал бесіктен», «Бесіксіз үйде береке жоқ», «Білім – баланың ақылын, ал тәрбие – мінезін қалыптастырады», «Балалы үй базар», «Бала деген гүл сияқты, оған күтім қажет», «Үйінде ұл-қызы бардың көгіндеге сөнбес жұлдызы бар» деген мақалдар жиі айтылып жатады. Бала дүниеге көзін ашқан сәтінен бастап, анасының бесік жыры арқылы өздері өмір сүріп жатқан қоғамның мәдениетін бойына сініреді. Бала үшін «үйрену» ана құрсағында басталады, анасы шырқаған бесік жырының әсем де жеңіл әуенінен ұйқыға кеткен сәбі айтылған сөздерді санасында орналастырады. Оның санасы дамыған сайын мәдени болашағын қалыптастырады. Бесік жыры жыры бүгінгі күннің жағдайын және ертеңгі арман-мұраттарды бейнелейді, тұлғалық және ұлттық сезімді қалыптастырады, баланың ана тілінде ауызекі сөйлеу мәдениеті мен әдебиетімен танысуына мүмкіндік береді, ана мен бала арасындағы эмоционалды байланысты орнатады, бала өз ана тілінің сөздік қорымен танысып, адамдарды, табиғатты, әлемді тани бастайды, баланың есте сақтау қабілетін арттырады, практикалық тілдік дағдыларын қалыптастырады. Бала отбасында бесік жырын тыңдаپ қана қоймай, адамгершілік, бауырмалдық, елін сую, қамқорлық секілді ізгі іс-әрекеттерді бойына сініріп өседі. Бесік жырын өмірдің күнделікті тіршілігінде қолдану отбасындағы ересек балалардың кішілерін бағып-қағып уатуы бауырмалдық, мейірімділікке баулиды. Бесік жыры – қазақ және түркі халықтарының көнеден келе жатқан халық санасының ұжымдық жемісі саналады.

Әдебиеттер

- Aydoğmuş, E. (2020). *Kazak Ninnilerinden Örnekler*. Gazi Türkiyat, 27, (ss. 85-100).
- Әмирлан.С.Е. (2017). Қарақалпақ балалар фольклорында уату-алдарқатулар. Түркология журналы, 81, (ss. 101 – 107).
- Ахметов З, Шаңбаев Т. (1998). Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы. «Ана тілі». -384 б.
- Ғабдуллин М. (1974). Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы. «Мектеп». - 319 б.
- Dilçin C. (1989). *Örneklerde Türk Şiir Bilgisi*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. s. 290
- Elçin, Ş. (2000). *Halk Edebiyatına Giriş*. Ankara: Akçağ yayınları. s. 271

ТУРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

- Erman.A. (1989). *Ortak Türk Kültürü Ürünlerinin Çocuk Edebiyatına Katkuları.* Ankara. (ss. 1-8).
- Зульяров А. (2009). *Йәттису уйғурлари.* Алмута. «МИР» нәшрияты. -232 б.
- Ибраимова Л.Н. Абдикеримова П.Ж. Алиева П.С. (2016). *Қазақ отбасы тәрбиеци.* –Тараз. -160 б.
- Karagöz, B. (2016). *Kültürel Bellek Aktarımı Temelinde Ninnelerin Rölli: «Anneler Ninneleri Biliyor mu?»* Erzincan Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 2, (ss. 1036-1055).
- Koçkar. T, Koçkar R, Koçkar A. (2018). *Diyasporada Yaşayan Karaçay-Malkarlıların Ninni Söyleme Gelenekleri ve Kültürel Değişim.* Uluslararası Folklor Akademi Dergisi. Cilt 1, sayı 1, 91-104
- Koç.R. (2023). *Milli Kültür İnşası ve Dil Bilinci Kazandırma Aracı Olarak Kosova Türk Edebiyatında Ninni.* Van Yüzüncü Yıl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 59, (22-39).
- Қалиева. Ж. *Балалар әдебиеті.* (2016). –Қостанай: «ҚӘТҮ». -538 б.
- Қирабаев С. (1976). *Әдебиет және дәуір талабы.* –«Жазушы». -300 б.
- Құнанбайұлы А. (2022). *Абайдың қара сөздері.* – Алматы. «Мазмұндама». -148 б.
- Құнанбай Қ. Қабден М. (2008). *Қазақ халқының үрпақ есіру ұлттық салт-дастыры.* Түркология. №37-38
- Hasan Güneş. (2012). *The Effects of Lullabies on Children. International Journal of Business and Social Science.* No. 7, 316-321
- Şimşek, E. (2016). *Anonim Halk Şiiri İçerisinde Ninnelerin Yeri.* Akra Kültür Sanat ve Edebiyat Dergisi, (33-64).
- Çelebioğlu.A. (1982). *Türk Ninniler Hazinesi.* İstanbul. (ss. 211-237).
- Іслемжанұлы К. (2007). *Қазақтың отбасы фольклоры.* – Алматы. «Арыс». - 332 б.

References

- Aydoğmuş, E. (2020). *Kazak Ninnilerinden Örnekler.* Gazi Türkiyat, 27, (ss. 85-100).
- Amirlan.S.E. (2017). *Qaraqalpaq balalar folklorında ýaty-aldarqatylar.* Türkologiya Dergisi, 81, (ss. 101 – 107).
- Ahmetov Z, Shaibaev T. (1998). *Ádebiettany. Termynder sözdigi.* Almaty. «Ana tili». -384 b.
- Óabdýllin M. (1974). *Qazaq halqynyń aýyz ádebiyeti.* – Almaty. «Mektep». -319 b.
- Dilçin C. (1989). *Örneklerde Türk Şiir Bilgisi.* Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. s. 290
- Elçin, Ş. (2000). *Halk Edebiyatına Giriş.* Ankara: Akçağ Yayınları. s. 271

- Erman.A. (1989). *Ortak Türk Kültürü Ürünlerinin Çocuk Edebiyatına Katkıları*. Ankara. (ss. 1-8).
- Zýliarov A. (2009). *Iáttisý ýígýrlı*. Almýta. «MIR» náshriati. -232 b.
- Ibraimova L.N. Abdíkerimova P.J. Alieva P.S. (2016). *Qazaq otbasy tárbiesi*. – Taraz. -160 b.
- Karagöz, B. (2016). *Kültürel Bellek Aktarımı Temelinde Ninnelerin Rölli: «Anneler Ninneleri Biliyor mu?»* Erzincan Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 2, (ss. 1036-1055).
- Koçkar. T, Koçkar R, Koçkar A. (2018). *Diyasporada Yaşayan Karaçay-Malkarlıların Ninni Söyleme Gelenekleri ve Kültürel Değişim*. Uluslararası Folklor Akademi Dergisi. Cilt 1, sayı 1, 91-104
- Koç.R. (2023). *Milli Kültür İnşası ve Dil Bilinci Kazandırma Aracı Olarak Kosova Türk Edebiyatında Ninni*. Van Yüzüncü Yıl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 59, (22-39).
- Qalieva. J. *Balalar ádebieti*. (2016). – Qostanai: «QÁTÝ». -538 b.
- Qırabaev S. (1976). *Ádebiet jáne dáyır talaby*. – «Jazýshy». -300 b.
- Qunanbaiuly A. (2022). *Abaidyn qara sózderi*. – Almaty. «Mazmundama». -148 b.
- Qunanbai Q. Qabden M. (2008). *Qazaq halqynyý urpaq ósirý ulttyq salt-dástúri*. Türkologıa. №37-38
- Hasan Güneş. (2012). *The Effects of Lullabies on Children*. International Journal of Business and Social Science. No. 7, 316-321
- Şimşek, E. (2016). *Anonim Halk Şiiri İçerisinde Ninnelerin Yeri*. Akra Kültür Sanat ve Edebiyat Dergisi, (33-64).
- Çelebioğlu.A. *Türk Ninniler Haznesi*. İstanbul. 1982, (ss. 211-237).
- Islámjanuly K. (2007). *Qazaqtyn otbasy folklogy*. – Almaty. «Arys». -332 b.

Öz: Bu makalede, Kazak ve Türk halklarının ninnileri incelenmekte ve ninnilerin Türk halklarının nesilleri yetiştirmeye sürecindeki eğitimsel önemi üzerine bilimsel bir analiz yapılmaktadır. Özellikle Kazak, Karakalpak ve Uygur halklarının ninnilerinden örnekler verilerek, genel olarak Türk halklarının ninnilerinin özellikleri ayrıntılı bir şekilde ele alınmakta ve anne ile çocuk arasında ninniler aracılığıyla kurulan manevi bağlar kapsamlı bir şekilde değerlendirilmektedir. Araştırma sırasında, folklor biliminde ninniler kapsamlı bir şekilde inceleyen A. Vetukhov, M. Eliash, A. Martynova, S. Seifullin, Sh. Akhmetov ve B. Ukhatov'un çalışmaları temel alınmıştır. Ayrıca, S. Kasimanov, A. Yanushkevich, A. V. Zataevich ve N. Boratov'un ninnilere ilişkin önemli görüşleri de dikkate alınmıştır. Ninnilerin önemi, yalnızca Kazak halkında değil, tüm Türk halklarında da vurgulanmıştır. Bu durum, ninnilerin güfteleri ve Türk

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАГЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

alimlerinin görüşleriyle desteklenmektedir. Ninni, çocuk eğitimiminin ilk basamağı ve bir tür alfabe olarak kabul edilir. Ninnilerin söylemenesi ve bu yolla nesillerin yetiştirilmesi, sadece Kazaklar için değil, tüm Türk halkları için büyük önem taşımaktadır. Bu makale sayesinde, Türk halklarının ninnilerinin doğasını tanıma ve geleceğe yönelik halk ideallerini anlama imkanı bulacağız. Ninnilerin, çocuk folklorunun özel bir dalı olduğu ve bu alanda büyük bir rol oynadığı anlaşılacaktır.

Anahtar kelimeler: Ninni, Çocuk Eğitimi, Çocuk Edebiyatı, İnsanlık, Nesil, Ana-Baba

(Bağdat ERTAYEVA. TÜRK HALKLARINDA NİNNİLERİN EĞİTİMSEL DEĞERİ)

Аннотация: В данной статье представлен обзор колыбельных песен казахских и тюркских народов с целью научного анализа их воспитательной значимости в развитии молодого поколения. Особое внимание уделено отрывкам из колыбельных песен казахского, каракалпакского и уйгурского народов. Проведено всестороннее исследование особенностей колыбельных песен тюркских народов в целом, с акцентом на духовные связи, формирующиеся в семье между матерью и ребенком через исполнение колыбельных. Основой данного исследования послужили работы ведущих ученых в области фольклористики, таких как А. Ветухов, М. Элиаш, А. Мартынова, С. Сейфуллин, Ш. Ахметов, Б. Вахатов, которые глубоко изучали колыбельные песни. Также учтены мнения С. Касиманова, А. Янушкевича, А. В. Затаевича и Н. Боратова в отношении колыбельных напевов. Колыбельные песни имеют особое значение не только у казахского народа, но и у всех тюркских народов, что подтверждается текстами песен и взглядами тюркских ученых, изучавших их. Колыбельная песня представляет собой первую ступень воспитания детей, своего рода букварь, оказывая неоценимое влияние на формирование молодого поколения. Данная статья знакомит читателя с природой колыбельных песен тюркских народов, раскрывая народный идеал видения будущего поколения. Она демонстрирует, что колыбельные песни занимают важное место в области детского фольклора и играют значительную роль в воспитании детей.

Ключевые слова: колыбельная, воспитание детей, детская литература, нравственность, поколение, родители

(Багдат ЕРТАЕВА. ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ КОЛЫБЕЛЬНЫХ ПЕСЕН У ТЮРКСКИХ НАРОДОВ)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Бағдат ЕРТАЕВА (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

ӘОЖ 398; 801.8

MFTAP 1

БАЙЛАНЫС

Түркология гылыми-зерттеу институты
Түркістан/ҚАЗАҚСТАН
Телефон: 8 (72533) 3-16-78; 6-36-36/1245
Web-сайт: <https://dergipark.org.tr>
e-mail: turkology.institute@ayu.edu.kz

КОНТАКТ

Научно-исследовательский институт
Тюркологии
Туркестан/КАЗАХСТАН
Телефон: 8 (72533) 3-16-78; 6-36-36/1245
Web-сайт <https://dergipark.org.tr>
e-mail: turkology.institute@ayu.edu.kz

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

161200, Қазақстан Республикасы,
Түркістан облысы Түркістан қаласы
Бекзат Саттарханов даңғылы, 29
Басылым: Ахмет Ясауи
университетінің «Тұран» баспаханасы

АДРЕС:

161200, Республика Казахстан, г.
Түркестан, ул. Бекзата Саттарханова, 29
Издание: Типография «Тұран»
университета им. Х.А.Ясави

Көркемдеуші редактор Ж.Явуз
Ағылшын тілі редакторы Ж.Явуз
Орыс тілі редакторы М.Молдашева
Қазақ тілі редакторы Б. Ертаева

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Көлжазбалар өндөледі және авторға қайтарылмайды.
«Түркология» журналына жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп
басуға болмайды.

Басуға 27.06.2024 ж. кол койылды.
Көлемі 70x100 1/16. Қағазы оффсеттік.
Шартты баспа табағы 11,9
Тараалымы 300 дана. Тапсырыс 630.

ІЛЕТИШІМ

Türkoloji AraştırmalarıEnstitüsü
Türkistan/KAZAKİSTAN
Telefon: 8 (72533) 3-16-78; 6-36-36/1245
Website: <https://dergipark.org.tr>
e-mail: turkology.institute@ayu.edu.kz

CONTACT

Research Institute of Turcic studies
Turkestan/KAZAKHSTAN
Telefon: 8 (72533) 3-16-78; 6-36-36/1245
Website: <https://dergipark.org.tr>
e-mail: turkology.institute@ayu.edu.kz

ADRES:

Bekzat Sattarhanov Caddesi No:29, 161200
Türkistan, Kazakistan
Baskı: Ahmet Yesevi Üniversitesi
«Turan» Matbaası

ADDRESS:

Bekzat Sattarhanov Str., 29,Turkestan,
Republic of Kazakhstan, 161200
Press: H.A.Yassawi University printing-
house “Turan”

Grafik-Tasarım: C. Yavuz
İngilizce Tercüme: C.Yavuz
Rusça Tercüme M. Moldasheva
KazakçaTercüme: B. Ertayeva

ИНДЕКС 75706

Т Ү Р А Н
баспаханасы